

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

**Бас редактор:** Оспанова Б.Қ. – Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры

**Редактор:** Нұрсейтова А.Н. – Ұйымдастыру-аналитикалық жұмыстар қызметінің жетекшісі

**Құрастырушылар:** Рахимжанова Г.Т. – Ғылыми-әдістемелік қызметінің топ жетекшісі, Кривков А.Л. – т.ғ.к., Ғылыми-әдістемелік қызметінің кітапханашысы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының реферативтік журналы – қазақстандық, сондай-ақ шетелдік авторлардың Қазақстан туралы жариялаған еңбектерінің рефераты негізінде құрастырылатын ақпараттық жалғасты басылымның нұсқасы.

Рефераттар жазу үшін ҚР Ұлттық кітапханасына қазақ және орыс тілдерінде келіп түскен құжаттар: монографиялар, мерзімді және жалғаспалы басылымдар, конференция материалдары, ғылыми мақалалар жинақтары және басқа да баспа басылымдар пайдаланылады.

Рефераттар Мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпараттардың рубрикаторы (МҒТАР) және Әмбебап ондық жіктеуге (ӘОЖ) сәйкес орналастырылады және рефератталатын құжаттың библиографиялық сипаттамасын, ӘОЖ кодын және МҒТАР айдарының кодын, реферативтік журналдың шыққан нөмірі мен жылын, рефераттың реттік санын қамтиды. Мәселен, ӘОЖ 3. 00.02.20.001. жазбасы мынаны білдіреді: 3 – ӘОЖ коды (Қоғамдық ғылымдар). 00 – МҒТАР айдары (Қоғамдық ғылымдар). 02 – Реферат журналы шығарылымының нөмірі. 20 – (2020 жылы шыққан). 001 – (Рефераттың реттік нөмірі).

Реферативтік журналдың құрылымы негізгі бөлімнен, яғни реферат мәтіндерінен, сонымен қатар Есімдер көрсеткішінен, Рефератталатын материалдардың дереккөздер тізбесінен тұрады. Мазмұнында РЖ-ның тақырыптық құрылымын көрсететін МҒТАР айдарларының бөлімдері мен кіші бөлімдері берілген.

Реферативтік журнал Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сайтында орналастырылады: [www.nlrk.kz](http://www.nlrk.kz). ҚР Ұлттық кітапханасының реферативтік журналы электронды форматта шығады (6-серия: «Қоғамдық ғылымдар» жылына екі рет; 7-серия: «Мәдениет. Тіл білімі. Әдебиет. Өнер» – жылына бір рет шығады).

Реферативтік журналдың «Қоғамдық ғылымдар» 6-сериясының 2-ші шығарылымында тарих, археология, этнография, әлеуметтану, демография, заң, саясат және басқа ғылымдар бойынша рефераттар ұсынылған.

Реферативтік журнал зерттеушілерге, ғылыми қызметкерлерге, кітапханашыларға, ЖОО оқытушыларына, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, сонымен қатар, Қазақстан туралы жаңа әдебиетке қызығушылық танытқан оқырмандарға арналған.

Редакция алқасы Реферативтік журналдың мазмұны жөніндегі ескертулер мен ұсыныстарды мына мекен-жайға жіберуді өтінеді: 050013, Алматы, Абай даңғылы, 14. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Ұлттық библиография қызметі, тел.: +7(727)267-28-63, e-mail: [nbibliografia@mail.ru](mailto:nbibliografia@mail.ru)

РЕФЕРАТИФТИК ЖУРНАЛ

Қоғамдық ғылымдар

№ 2

Алматы, 2020

---

---

00 ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ 3

00.02.20.001. **Алаш қозғалысы және ұлт зиялылары** / Э.Ш. Туменбаева // Академик Кеңес Нұрпейіс және қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру тарихы: Халықаралық ғыл.-тәж. конф. Материалдары (12 наурыз 2020 ж.); Ш.Ш. Уәлиханов атын. Тарих және этнология ин-ты; редалқа: Н.Р. Аршабеков, Ж.Б. Аширбеков; жауап. ред.: А.М. Сманова, С.Қ. Шілдебай. – Алматы: Қыздар университеті, 2020. –229-231б. – Библиогр.: 7 атау.

Мақалада ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ халқының тарихына саяси өзгеріс алып келген Алаш қозғалысы және осы қозғалысқа қозғаушы күш болған ұлт зиялылары туралы ғалымдар жазған кітаптардың дереккөздеріне сүйене отырып баяндалады. Әлемдік мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуынан жақсы хабардар болған ұлт зиялыларының таңдаулы біртуар шоғыры, яғни, Алаш қозғалысының басшылары қазақ қоғамының тәуелсіздікті таңдайтынын ескере отырып, оның демократиялық жолмен дамуын қалады. Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары өздерінің саяси-қоғамдық және шығармашылық белсенділіктерін танытып, қызметтерін үдете түсті. Бірақ мемлекет болу үшін білім күші мен қаржы керек еді, бұл екеуі де қазақ зиялыларының қолында жоқ болатын. Қазақ жерінде ортақ бір тіл рөлін орыс тілі атқарды. Осынау тарихи кезеңде Орталық Азияда саяси мәселелерді көтерген Алаш қозғалысына тең келері болмады. Бірақ кеңестік жүйе ұлт зиялыларының қызметіне қатаң бақылау орнатып, үздіксіз қуғын-сүргін ұйымдастыруды дәстүрге айналдырды. Тұлғаның шығармашылық еркіндігін шектеу репрессиялық шаралармен жүзеге асып жатқандығы адамдардың бойына үрей қалыптастырды. Қазақстан бүкіл КСРО-дағы сияқты, әлемдік мәдени үрдістерден алшақтай берді. Ұлттық мемлекет құру жайындағы Алаш қайраткерлерінің ХХ ғасырдың басындағы жанкешті қызметі ұлттық тарихымыздың өзекті тақырыптарының бірі болып қала береді.

Н.Т. Матаева

ӘОЖ 3

00.02.20.002. **Әулиеата зерттеулері:** ғылыми-танымдық кітап / Н. Серікбаев. – Тараз: «Формат-Принт», 2019. – 271 б.

Ғылыми-танымдық кітапта Әулиеата аумағындағы алғашқы ғимарат, қоғамдық бақтар, оқу орындарының қалыптасуы, көпестік тұрғын үйлер, дәріхана, банктер бой көтере бастаған кезеңдер және Әулиеата өлкетану музейінің ашылуы мен Әулиеатаға полковник М.Черняев әскерінің келуі, өңірді зерттеген ғалымдардың қолжазбалары мен зерттеулері туралы мәліметтер архивтік құжаттар негізінде топтастырылған.

Әулиеата өңірінің басқа көне қалалардан ерекшелігі, сәулет ескерткіштерінің көптеп кездесуінде және ескерткіштердің әрқайсысы өзіндік аңыз, әңгімелерге бай болуында. Көне тарихи әңгімелерде Қарахан кесенесімен Оғыз қағандарының байланысы болғанын, Айша бибі кесенесі қабырғаларының кереметтілігімен бірге ол туралы айтылған аңыздар нұсқа-

ларының көптігі мен кесене құрылысының соғылу тарихы, моңғолдардың жергілікті билеушісі болған Дәуітбек зиратының орналасуы кім-кімді де қызықтырмай қоймайды.

Ортағасырда өмір сүрген белгілі тарихшы, саясатшы Иақұт Әл-Хамауи ар-руми (1179-1229) Тараз қаласы ғалымдар мекені болғанын айта келіп, «Одан бір топ ғұламалар шыққанын, онда білгір факиһ, аңғарымпаз, құранды (мәнерлеп) оқудың үздігі болған Махмуд ибн Әбу ибн ат-Тарази, Әбу Садық Ахмед ибн Хасан аз-Занди әл-Бухари есімді ғалымдардың атын атайды. Одан әрі автор өзіндік айшықты өрнегімен ерекше көзге түскен Махмуд оқыған, ұстаздық еткен медресе болғанын айтады. Келесі бір тарихи деректе атақты ойшыл, тарихшы Әбу Сағд Абу әл-Карим ас-Самани Махмуд туралы «мен оның қолынан иджаза (диплом) алып едім» деуі Таразда үлкен ғылым ордасы болғандығын растайды. Сондай-ақ тарихшы Иақұт еңбегінде Тараз ақыны Әбу Таһир Мұхаммед ат-Таразидің қолынан туған Отанына деген аңсаған сағынышын білдіретін үзінді жыр жолдарын берген. Осы жазба деректерге қарап отырып, көне Тараз жұртында талантымен елді аузына қаратқан ғалымдар, билер болғандығын аңғару қиын емес.

1867 жылы негізі қаланған Әулиеата қаласы бүгінге дейінгі, яғни 150 жылдан астам уақытта Мирзоян (1936ж.), Жамбыл (1938 ж.), Тараз қаласы (1997 жылдан бастап) болып дамып, өркендеп облыс орталығына айналды.

Танымдық кітап қалың оқырманға, тарихшыларға, зерттеушілер мен өлкетанушыларға арналған.

Ш.Б.Үсенбаева

ӘОЖ 3

00.02.20.003. **Бөкейхан Әлихан. Шығармалары:** мақалалар, ғылыми зерттеулер, экспедиция материалдары, фельетондар, көркем аудармалар, қазақ хандарының хаттары / Ә. Бөкейхан. 1-том. 1889-1903 (Омбы - С.-Петербург - Омбы); Л.Н. Гумилев атын. Еуразиялық ұлттық ун-ті ; құраст. Сұлтан Хан Жүсіп (Аққұлұлы).– Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 610 б.

Бұл том Ә. Бөкейханның 1889-1903 жылдар аралығындағы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген мақалаларын, ғылыми зерттеулерін, 1897-1901 жылдары қазақ облыстарын зерттеген «Щербина экспедициясының» материалдарын, Л.Н.Толстой шығармаларынан аударған әңгімелерін (көркем аудармаларын), өтініштерін (прошения), хаттарын және хаттамаларды қамтиды.

Әлихан Бөкейхан қазақтың ұлттық мәдениетін дамыту арқылы Алаш-Қазақ мемлекетін қайта құрумен қатар, Батыс Еуропаның, әсіресе Жапонияның тәжірибесі бойынша өз елін 20-25 жылда әлемнің төріне жеткізуді нақты жоспарлады. Алаш көсемі халқының қайталанбас төл мәдениеті мен салт-дәстүрінің негізін сақтап дамытуды көздеді. Оған қоса Ресей империясының отарлығындағы түркі-мұсылман халықтарының федерациясын құруға ұмтылды.

Студент кезінде марксизм идеясын терең меңгерген Әлихан Бөкейхан 1895-1897 жылдары өз мамандығы бойынша «Омбы орманшылығы орманшысының көмекшісі – төменгі орман мектебінің оқытушысы» болуымен қатар, 1930 жылғы естеліктерінде С.П.Щецов мәлімдегендей, омбылық «Степной край» газеті редакциясында қызмет істеп, оның саяси шолушысы, марксизм идеясын насихаттаушы ретінде бүкіл Дала өлкесі мен Сібір өңіріне кең танылды. Бірақ қазақтың жер-суын, тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын зерттеп, төрт түлік малын есепке алған 1896-1901 жылдар аралығындағы «Щербина экспедициясы» мен Сібір темір жолы бойындағы қазақтың мал шаруашылығын, қазақтың ірі қара малы мен қой тұқымдарын және санын зерттеген 1902-1903 жылдардағы «Щецов экспедициясынан» кейін Әлихан, қазақ қоғамын төл мәдениетінің ерекшелігі, әлеуметтік құрамы жағынан да, шаруашылығы тұрғысынан да тап-тапқа - еңбекші және капиталист-буржуаға бөлу тұрмақ, шаруа және феодал, яғни, езуші және езілуші таптар деп жіктеуге болмайтынына көз жеткізіп, марксизммен біржола қош айтысты. Мысалы, 1917 жылдың қазан айында Томск қаласында өткен Жалпы Сібір съезінде сөйлеген сөзінде ол: «Халықтарға Маркс бойынша емес, дайын формулалар арқылы емес, өздерінің қалауы бойынша өмір сүру құқын беру керек», - деп мәлімдеді. Ал қазақтардың жапондарға деген қызығушылығы 1904-1905 жылдардағы жапон

орыс соғысы кезінде туғанын 1910 жылы С.-Петербургда басылып шыққан «Қазақтар» атты очеркінде Әлихан былай деп жазды: «Орыс-жапон соғысы басталды...жеделхаттар жапондардың үзіліссіз жеңістері туралы хабарлар жеткізіп тұрды. Исламның жиһанкез насихатшысының аузынан бір жақсылық пен әділдік тек исламнан шығады деп еститін және оған орыстандыру саясатының тәжірибесі арқасында исламнан тыс еш жақсылық болмайтынына әбден көз жеткізген Дала халқы «жапондар – қазақтармен ұлттық туыстығы бар мұсылмандар ғой» деген аңызға оп-оңай сеніп қалды. Портреттердегі жапондар мен қазақтардың бет-жүздерінің ұқсастығы ол аңызды растағандай болды. Міне мұның бәрі оларды қатты қызықтырды...».

С.-Петербургдың императорлық әскери-медицина академиясына жаңа ғана оқуға түскен Халел Досмухамедұлы 1904 жылдың қазан айында Қазан қаласындағы мал дәрігерлік институтында оқитын студент досы Ғұбайдолла Бердіұлына былай деп жазды: «Өзіңнен басқа ондаған, тіпті жүздеген қазақ баласы жоғары білім алып жатқанын көріп, бұл халықта еңбекке, ілгері дамуға қабілетті, кім біледі, бір кезде ол да әлемдік үстемдікте құрметті орындардың бірін алар, ол да екінші Жапонияға айналар дегендей небір ойға келесің».

Турасын айтқанда, өзі баулып өсірген «Алаш» зиялыларын бастап Әлихан қазақ елін Батыс Еуропа өркениеті деңгейіне жеткізуді түпкілікті мақсат етіп алды. Осы мақсатта ол мәдениеті мен әлеуметтік-экономикалық болмысы жағынан қазаққа бір табан жақын жапондардың әйгілі «Мэйдзи төңкерісі» тәжірибесін ден қоя зерттеді.

1937 жылдың 27 қыркүйегінде Мәскеуде Алаш көсемін өлім жазасына кесуге себеп болған ауыр «қылмыстарының» бірі – «жапонтанушы» («японофил») деген айып болатын. Оның ең жақын, адал үзеңгілестерінің бірқатарын «жапон тыңшысы» деген нақақ айыппен құғын-сүргінге ұшыратты.

«Мэйдзи» саясатының нәтижесінде қазіргі жапон ұлттық мемлекеті мен бірегей жапон ұлты қалыптасты. «Мэйдзи жаңғыруы» іске асырылған жылдары жапондардың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі түбегейлі бұзылып, елде жедел түрде Батыс өркениетінің жетістіктері енгізілді. Тұрақты армия құрылып, қару-жарақ пен соғыс техникасының ең үздік үлгілерімен қаруланды. Терең реформалар жапон қоғамының әлеуметтік, жер, қаржы-салық, ағарту-білім беру салаларын да қалдырмай қамтып, ұлттық экономиканы дамытудың ең үздік технологияларға негізделген өнеркәсіптік жолына түсті.

«Мэйдзи исин» тарихын зерттегенде Әлихан туған еліне жапон тәжірибесін айнытпай қолдануды жоспарлаған жоқ, ол мүмкін де емес еді. Оның пікірінше, біріншіден, жапондар 1868 жылға дейін қазақ елі сияқты артта қалған аграрлық ел болса да, тәуелсіз дербес мемлекет болып, жоспарлаған түбегейлі реформаларын сыртқы күштердің ықпалынсыз, араласуынсыз жүзеге асыра алды. Қазақ елі болса – Ресей империясының езгісінде отырды. Сол себепті Әлихан «Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттарының бір бөлігін ұлттық автономия құрмай тұрып-ақ, патшалық Ресей тұсында орыс оппозициясының көмегімен жүзеге асыруды көздеді. Ұлт-азаттық қозғалыстың стратегиялық мақсаттарының дені 1905 жылғы «Қарқаралы петициясында» көрініс тапты. Әлиханның 1905 жылы Ресейдегі ең ірі әрі ықпалды Конституциялық-демократиялық партиясына, I және II Мемлекеттік думалар күшпен таратылып, 1905-1907 жылдар төңкерісі жеңіліс тапқан соң, оппозициялық күштерді біріктіріп, самодержавиені құлатуға жұмылдыру мақсатында құрылған аса құпия масон ұйымына кіруінің басты сыры да осында болатын. «Алаш» стратегиясына сәйкес, прогресшіл орыс партиялары мен масон ұйымының күштерімен самодержавиені құлатқан 1917 жылғы Ақпан төңкерісінің ізінше Әлихан кадет партиясымен де, масон ложасымен де қоштасып, «Алаш» партиясын құруға кірісті.

Оған қоса Алаш көсемі 1904 жылдан бастап туған еліне жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі-земствоны енгізу үшін күресті. 1906 жылы I Мемлекеттік думаға сайланғанда Әлихан земство енгізу, қазақ иеленіп отырған жерді қазақтың қауымдық меншігіне беру, қазақты әскери қызметке тарту, іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, қазақ мектеп-медреселерінде ана тілінде оқыту туралы бірқатар заң жобасын дайындап қойған еді. Оның земство енгізбек ойының астарында – біріншіден, ата-баба жерін земствоның қарауына беріп, келімсектердің ағынын тежеу болса, екіншіден – қазақ мемлекетінің құрылысын оның берік іргетасын қалаудан, яғни, жергілікті инфрақұрылымның негізін қалап дамытудан бастауды көздеді. «Алдымыз үлкен той. Жалпы жұрт жаңа болатын земствоға кіріспек, - деп жазды Қыр баласы Алаш автономиясын жариялаудың дәл қарсаңында, - Земство – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме» Жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-

тіршілікте земство билемейтін іс болмайды. Земство қолға алып қылатын істің бір зоры-бала оқыту. Земство мектеп, школ салады, медресе көрмеген бала болмайды. Оқудан шығып қарайған адамның көзін ашуға үлкенге де білім, ғылым шашуға земство көшпелі, уақытша білгіш мұғалім жалдап оқу үйретеді. Оқу бәйгесіне қосылмай арманда қалған адам болмайды. Көп земство қосылып, күрмеліп, союз болып завод ашпақ. Керек-жарақты осы заводта істетпек. Осы күнде мұхитқа шатыр болатын темір сататын земство союзы бар. Осы земствоға біздің қазақ шебер адам тауып, көштен қалмаса, біз жұрт болдық. Партия болып, қаңғырсақ, бізді құдай ондамағаны».

Үшіншіден, Әлихан земствоны – мемлекет қайраткерлерін тәрбиелеу мектебі деп қарастырды. Ресейдің ХХ ғасыр басындағы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің дені земстволардан өсіп шыққан еді.

Әлихан Бөкейхан жапондардың «Мэйдзи исин» бағдарламасының қазақша баламасы болып табылатын «Алаш» идеясын жүзеге асырып, Алаш – Қазақ елін 20-25 жылда екінші Жапонияға, яғни әлемнің ең қуатты мемлекетінің біріне айналдыру жоспарын жүзеге асыра алмай кетті. Бірақ, ол бүгінгі Қазақстанның мызғымас іргетасын, берік негізін қалап үлгерді. Ал өзі патшалық Ресей тұсында да, Кеңес өкіметі тұсында да іске асыра алмаған айдан анық жоспарын, мақсатын бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның азат азаматтарына аманат етіп тапсырып кеткендей еді.

Б.М. Утебаева

### ӘОЖ 3

00.02.20.004. **XX ғасырдың басындағы қазақ халқының рухани өркендеу кезеңі** / Шаяхмет А. // XX ғасыр басындағы жазу реформасы: Телжан Шонанұлы мұрасы: халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары / А. Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі институты; жалпы ред. Е.З. Қажыбек. – Алматы : Қазақ кітабы, 2019. – 13-17 б.

Мақалада Халық ағарту комиссариатының ғылым мен ғылыми әдістер жөніндегі кеңесінің мүшесі, ағартушы, педагог, филолог, әдіскер, әдебиетші, тарихшы, сыншы, аудармашы, қазақ бастауыш мектебінің теориялық және практикалық негізін қалаушылардың бірі, Қазақстанда 1922-1937 жылдарда оқыту-білім беру, сауаттандыру, тарихты, қазақ тілін, ғылыми-зерттеу істерін беріле дамытқан, дарынды энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері Телжан Шонанұлы мен қоғам қайраткері, педагог, публицист, Алашорда үкіметін құруға белсене араласушылардың бірі Елдес Омарұлының арасындағы сыйластық байланысы жайлы айтылады.

Қазақ зиялылары өз халқының болашағы үшін күресіп, ғылым, оқу-ағарту, тарих, әдебиет пен тіл майданында мол еңбек сіңірген, ХХ ғасырдың 1920-жылдарда ғылым, мәдениет, оқу-ағарту саласында өзгеше бір серпіліс туған дәуірде, жаңа ашылып жатқан мектептерге алуан түрлі оқулықтар жазып, әрбір ғылым-ілім басында тұрып, көшбасшы болу Алаш ардақтыларының үлесіне тиді. Таланты кемел, халқымыздың біртуар бұл тұлғалары өз мамандықтарынан тыс тарих, филология, психология, педагогика, математика, зоология, ботаника, химия, тағы басқа салаларға қатысты еңбектер жазып, ғылым мен оқу-ағарту ісін кең өріске алып шықты.

Алаш зиялылары саясатта, халық ағарту саласында тізе қосып қызмет етті. Тарихи құжаттарда Алашорда оқу комиссиясының мүшелері А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабайұлы, Е. Омаров, Б. Сәрсенов, Т. Шонанұлы болған. Олардың тіл дамытудағы негізгі ұстанымдары мен көзқарастары әртүрлі болған. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз ғылыми қызметкерлерінің I-съезінде терминологияны дамыту мәселелері сөз болған. Бұл басқосуға Ә. Бөкейханұлы, Х. Досмұхаметұлы, Н. Төрекұлұлы, Е. Омарұлы, Т. Шонанұлы бастаған Алаш зиялылары мен И. Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысады. Е. Омарұлы осы съезде «Жазу ережелері» деп аталатын баяндама жасап, жалғау, жұрнақ, қазақша дыбыстар туралы өз пікірін ортаға салады. Телжан Шонанұлы қазақ әліпбиі мәселесі көтерілгенде А. Байтұрсынұлы мен Е. Омарұлының пікірлеріне қосылмайтынын білдіреді. Тіл мәселесі көтерілген бірнеше пікірталастарда бір-біріне қарсы шығып жүрсе де олардың достық қарым-қатынасы сынға ұшырамайтыны баяндалады. Қоғам қайраткері Т. Шонанұлы мен оның

зайыбы Шахзаданы «халық жауы» деп жала жабылғанда, оларды ақтап қалу үшін Е. Омарұлының ашық сөйлеуі ақыры оның өзіне зиянын тигізіп, «Халық жауының ашық қорғаушысы, контрреволюционер» деген айып тағылады. Осы жағдайға байланысты 1937 жылы Е. Омарұлының Қазақ Мемлекеттік университетінен қызметтен босатылуы туралы бұйрық қоса жарияланған.

Г.Т. Рахимжанова

ӘОЖ 3

00.02.20.005. **Қазақ зиялыларының қазақ руханиятын дамытудағы рөлі** / А.Б.Кеңесханов // «Ұлы дала ұстазы» әл-Фарабидің 1150 жылдығына және «Рухани жаңғыру» мақаласының 3 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (10 сәуір 2020 жыл).- Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2020. –34-40 б.– Библиогр.: 7 атау.

XX ғасырдың басында «мәдени-ағартушылық пен оппозициялық либерализмнен» бастап, кейін соңғысынан бас тартқан, өз дамуында саяси ұйым деңгейіне дейін көтеріліп, ұлттық-демократиялық басымдықтары айқын көрініс берген Алашордалық зиялы қауым пайда болған. Қазақстанның бай табиғи-экономикалық ресурстарын игеру мақсатында аймақты зерттеуге бағытталған патша билігінің арнайы бағдарламасы шыққан. Ресейдің отарлық ұмтылыстары талап еткендей зияткерлік әлеуеттің резервтерін Орыс географиялық қоғамының ғылыми бөлімшелері, статистикалық комитеттер, баспа органдары және т.б. қоғамдарды құру сынды іс-шараларға жұмылдырған. Қазақ ағартушыларының алғашқы толқыны – Шоқан Уәлиханұлы, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин бастаған қазақ зиялылары Алашордалықтар мен келесі ұрпақ үшін темірқазық, жол нұсқаушы болған.

Қазақ зиялылары әдеби шығармашылық қызметтері арқылы, қоғамға дұрыс жол нұсқап, ұлттық сана-сезімдерін қалыптастыруда идеялық-саяси және әлеуметтік мәдени қызмет атқарған. Олар ұлттық консолидация идеясын ұсынған. Қазақ әдебиеті Ресейдің қоғамдық-саяси өмірімен, көршілес түркітілдес халықтардың әдебиетімен етене байланыста дамыған. Шади Жәңгірұлы, Мәшһүр Көпеев, Макиш Қалтаев, Нұржан Наушабаев сынды жазушылардың шығармалары, сол кезеңде орын алған қайшылықтарды айқын көрсеткен. Ұлттық сана-сезімді оятуға Мұхамеджан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы өлшеусіз үлес қосқан. Бұл кезеңде қоғамдық сана, ұлттық сана біртекті емес еді, тарихтың бұралаң жолдарының қиылысында тұрған. Отарлау идеологиясы мен бостандық, тәуелсіздік идеологиясы арасында күрес жүріп жатқан. Тоталитарлық режимнің саяси репрессиялары ұлттық идеяға, ұлттық сана-сезімге қарсы бағытталып, қуғын-сүргін арқылы қазақ ұлтының рухани дамуындағы идеялық сабақтастықты жоюға тырысқан.

Ұлттық сана-сезімді оятуда баспасөз басылымдары - «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Қазақ» жалпыұлттық қоғамдық-саяси газеті сынды қазақ тіліндегі ағартушылық басылымдар жарыққа шыққан. «Қазақ» газетінің беттерінде «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің қоғамдық-саяси және құқықтық идеялары, қазақ халқының тағдыры, мемлекеттілігі, ұлттың өзін-өзі басқарудағы құқығы, ұлттық теңдік, азаттық және т.б. мақалалары жарияланған. Ә. Бөкейханұлының жетекшілігімен «Алаш» зиялылары қазақтардың ұлттық-мемлекеттік ұйымдасуы, Еуразияның геосаяси кеңістігіндегі орны туралы заң жобасын дайындаған. Алаш Орда зиялылары автономия құра отырып, қазақ халқының рухани-мәдени дамуы, ата-бабасының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының сақталуы жолында қызмет еткен.

«Алаш» либералды-демократиялық партиясының бағдарламасын жасағандардың бірі – Міржақып Дулатұлы. Ол өскелең ұрпаққа жалынды жырларымен, қоғамдық істерімен, жеке басының үлгісімен әсер еткен. Жастардың бойына халықтың салт-дәстүріне деген құрмет сезімін сіңіруге, туған жерге деген сүйіспеншілікті дарытуға, жалпы өскелең ұрпақты тәрбиелеуге көп күш жұмсаған. 1909 жылы Қазанда жарық көрген «Оян, қазақ!» атты тұңғыш жинағында қазақ халқының ұлттық сана-сезімін ояту арқылы жалпыадамзаттық материалдық және рухани құндылықтарға бет бұру қажеттілігін түсіндірген. Әйелдер құқығының тапталуы

жайлы «Бақытсыз Жамал» романы, әлеуметтік құқықтарын қорғау тақырыбында «Балқия» пьесасы шыққан.

Кеңестік кезеңдегі қазақ жазушысы, публицист Мағжан Жұмабаев «Шолпан», «Өткен күн», «Бақытсыз қазақ» және т.б. өлеңдері арқылы ұлт-азаттық күрес, бостандық, білім, саяси сауаттылық жайлы жырлаған. «Көкшетау», «Жазғы таң», «Қайың», «Орал таулары» т.б. өлеңдері арқылы жерін, тауларын, қалың орманын, өзен-көлдерін сүйсіне сипаттаған. «Гүлсім», «Бәрінен де сен сұлу», «Жәмиля» және т.б. өлеңдерінде әйел тағдыры жайлы толғанған.

Қазақстанның көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы қазақтардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, мәдениетті, білім-ғылымды дамытуға аса зор үлес қосқан. Ұлы Қазан төңкерісіне дейін ол ағартушы-ғалым, лингвист, түркітанушы, орыс поэзиясының дарынды аудармашысы, оқу әдістемелердің авторы болған. Әдебиет арқылы ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға тырысқан. Сонымен қатар, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев сынды көрнекті саяси және қоғам қайраткерлері қазақ қоғамының әлеуметтік және ұлттық мүдделерін қорғаған.

Қазақ зиялыларының шығармашылығы ықпалымен қалыптасқан ұлттық сана-сезім, қазақ қоғамының терең ұйқыдан оянуына, патша билігінің езгісінен құтылуына, патриархалды-таптық артта қалушылықтан шығуына, білім мен өрлеу жолын таңдауына бағытталған.

Ф.Қ. Бектұрбекова

ӘОЖ 3

00.02.20.006. **Қазақстандағы модернизациялық үдерістердегі ислам дінінің рөлі** / Қ. Жұмағұлов, Е. Қартабаева // Қаз ҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2020. – №2. – 128-136 б.

Ислам дінінің әлемдік дамудағы, соның ішінде, модернизациялық үдерістер тарихындағы орны мен рөлі аса бір өзекті мәселелердің қатарына жатады. Ислам, әлемдік дін ретінде терең модернизациялық үдерістерді бірнеше рет бастан кешірді, қазіргі таңда да осындай үдерістер жүріп жатыр. Ислам діні тек рухани саламен ғана шектелмейді, қоғамдық өмірдің барлық салаларын реттейтіні белгілі, сондықтан да ол әрбір мұсылманның күнделікті өмірімен біте қайнасып кеткен. Қазіргі таңда қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану мен вестернизация үдерісі де Шығыс елдерінің өз ұлтының бет-бейнесін сақтап қалу жолындағы күресінде ислам дінін қорғаушы қалқан ретінде ұстануына итермелеп отыр.

Діни-рухани тәрбиенің жемісі – XIX-XX ғ. межесіндегі қазақ қоғамдық ойындағы ірі серпіліс, атап айтқанда, қоғамдық өмірді, соның ішінде, әсіресе білім беру саласын жаңартуға ұмтылған жәдидшілдік қозғалысының өріс алуы, оның кейінірек тәуелсіздік жолындағы Алаш қозғалысына ұласуы болды. Жәдидшілдер де, Алаш көсемдері де өз рухани ұстанымдары бойынша нағыз мұсылмандар еді. Олар Европа өркениетінің жетістіктерін мойындай отырып, сонымен бірге оны мұсылмандық дүниетаным арқылы қабылдауға тырысты. Жәдидшілдік қозғалысының негізін қалаушы Исмаил Гаспралы «Мұсылмандық өркениет» атты мақаласында мұсылмандар европалық ғылым мен білімге бөтен еместігіне көз жеткізеді.

Жәдидшілдік қозғалысының Қазақстандағы ірі өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлы болғаны белгілі. Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» атты діни-философиялық шығармаларында исламның өркениетке, ғылымға қайшы келмейтіндігі жоғары негізделген. Бұл шығармалар автордың философиялық ізденістерін, батыс философтарының ең соңғы еңбектерімен таныстығын, Құранды терең білетіндігін көрсетеді. Кітаптың үлкен бөлігі шарифаттың негізгі қағидаларын түсіндіруге арналған. Шәкәрім исламның негізгі қағидаларын түсіндіріп қана қоймай, ол дүмше-молдалардың исламды дұрыс түсіндірмей отырғандығын айыптап, олардың надандығын сынға алды. Шәкәрім өз заманының көкейкесті, өзекті мәселелеріне Құраннан жауап іздейді және мұндай жауаптарды тауып, Құран аяттарымен оқырманның көзін жеткізе білді.

Жәдидшілдіктің қазақ даласындағы келесі ірі өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің 1890 жылы «Дала уәләятының газетінің» алтыншы және жетінші сандарында жарияланған «Баянауылдан» атты мақаласында дін мен ғылымның кереғарлығы туралы, ислам дінінің

білім алуды, әсіресе әйелдердің білім алуын шектейтіндігі жөніндегі үскір пікірлерді теріске шығарады.

Қазақ ойшылдары, сол дәуірдегі барлық мұсылмандық Шығыс ойшылдары тәрізді, исламның ғылымға қайшы келмейтіндігін дәлелдей отырып, сонымен бірге ислам, XX ғасырдың қайшылықты құбылыстары жағдайында, тұлғаның гуманистік негіздерін сақтайтындықтан, әлеуметтік маңызға да ие екендігін көрсетуге тырысты. Сонымен, XIX-XX ғ. тоғысында қазақ қоғамында, халықтың санасында ислам діні терең тамыр жайып, ұлттық сананың идеялық негізіне айналды. Түркі халықтары, соның ішінде, әсіресе қазақтар, ортодоксалды исламның кейбір қасаң қағидаларын қабылдамады, исламның сыртқы формасын, яғни шарттарын қатаң түрде ұстанбады, оның есесіне, исламның ішкі, рухани мәнін жақсы игерді, исламды, ең алдымен, имандылық деп түсінді. XX ғасырдың басынан бастап исламға қамқорлық көрсету Ресей мүддесіне барынша қайшы келе бастады. Орыс үкіметі тарапынан орын алған осындай шектеулерге қарамастан, Қазақстанда діни өмір айтарлықтай жандана түсті. Бір ғана Омбының өзінде 1910 жылы 500-ден аса қазақ Меккеге қажылыққа баруға арнайы рұқсат қағазын алған. Құранды басып шығару жаппай сипатқа ие болды.

Ислам діні қазақ халқының тарихында, әсіресе оның бетбұрысты кезеңдерінде маңызды рөл атқарып, ұлтымыздың салт-санасын айқындап, болашағына бағыт-бағдар берген идеологиялық қару рөлін атқарып келген екен. Қазіргі таңда ислам діні төңірегіндегі жағдай біздің елімізді ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығын алаңдатып отырған күрмеуі қиын, түйіткілді мәселеге айналып отыр. Әлем елдерінің тыныштығын кетіріп отырған ең басты мәселелер, негізінен ислам дінімен байланысты орын алуда. Әсіресе ғалымдар арасында осы мәселе төңірегіндегі көптеген ізденістер жасалып, дүркін-дүркін дөңгелек үстелдер, пікір-таластар өткізілуде.

Елімізде 2017-2020 жылдарға арналған дін саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы қабылданып, онда деструктивті діни ағымдармен күрестің нақты жолдары көрсетілді. Сонымен бірге, 2017 жылы Республикалық имандардың білімін жетілдіру ислам институтының ашылуы да маңызды қадам болды. Осы бағытта жүріп жатқан нақты іс-шаралардың қатарында, 2019 жылдың қарашасында Алматы қаласының Дін істері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен, Алматы қаласы мешіттерінің имамдары мен наиб-имамдары арасында қазақ халқының тарихы мен дәстүрлері бойынша өткізілген «Елтаным» байқауын ерекше атап өтуге болады.

Қорыта айтқанда, XIX-XX ғ. тоғысындағы модернизациялық қозғалыстардағы исламның орны талданып, халқымыздың тарихындағы ислам дінінің атқарып отырған позитивті рөлі анықталды. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы рухани жаңғыру процесіндегі ислам дінінің орны мен рөлі қарастырылып, исламның дұрыс түсінігін қалыптастыруда және оны халыққа насихаттауда атқарылып жатқан іс-шаралардың маңыздылығы анықталды.

Қ.Н. Қасымбекова

ӨОЖ 3

00.02.20.007. **Нәзір Төрекұлұлы (Төрекұлов). Таңдамалы мақалалары мен архивтік құжаттар жинағы** / құраст.: М.Х. Тұрсын, Г. Батырбекқызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020. – 400 б.

Жинақта мемлекет және қоғам қайраткері Нәзір Төрекұлұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің түркістандық және мәскеулік кезеңіне қатысты Ресей Федерациясы мен Өзбекстан Республикасы архив қорларынан жинақталған құжаттар мен материалдар, таңдамалы мақалалары жинақталған. Шетелдік архивтер қорларынан алынған құжаттар мен материалдар алғаш рет ғылыми айналымға шықты. Жинақта Н. Төрекұлұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін айғақтайтын деректік құжаттардың толық болмауына байланысты жекелеген архивтер бойынша жүйелеу қағидасы басшылыққа алынды. Қайраткердің Мәскеу, Ташкент қалаларындағы қоғамдық-саяси, мемлекеттік, партиялық және ағартушылық қызметтерін қамтитын 1917-1938 жылдардағы құжаттары енгізілген. Н. Төрекұлұлының БК(б)П ОК Түрккомиссиясы, Ортаазиялық бюросы мүшелігі кезіне қатысты құжаттар Мәскеудегі Ресейдің қазіргі заманғы саяси-әлеуметтік тарих архивінің (РГАСПИ) «КОКП Орталық Комитеті (1898,1903-1991)», БК(б)П Орталық Комитетінің Ортаазиялық бюросы (1922-1934) және



«Сталин (Джугашвили) Иосиф Виссарионович (1878-1953)» атты қорларынан алынған. 1922-1927 жылдардағы КСРО Шығыс халықтары, Орталық баспадағы қызметі мен КСРО БОАК жанындағы Жаңа түрік әліпбиі жөніндегі комиссиядағы қызметіне қатысты құжаттар Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінің қорларынан, ал 1936-1937 жылдардағы қызметі Ресей Ғылым Академиясының архивінен алынған. Ұсынылып отырған құжаттар қайраткердің өмірбаяны мен қызметін құжаттық тұрғыда тұлғаландыру негізінде жинақталды.

Жинақтағы құжаттардың басым бөлігі алғаш рет жарияланған. Кейбір құжаттардың мәтіні қысқартылып берілген. Тәуелсіздік жылдары Н. Төрөқұлұлының шығармалары мен құжаттық деректерін жинақтауда Ы. Ысмайұлы, Ж. Әлмашұлы, С. Сахабат пен Т. Мансұровтың еңбектерін, өзбекстандық ғалымдардың Түркістандағы ұлттық элитаның жеке құрамының өмірбаяндық мәліметтерін айтуға болады. Сондай-ақ Х.М. Тұрсынның, Г. Батырбекқызының және өзбек тіліндегі шығармалар жинағы да нәзіртанудың деректік қорын толықтырды.

Н. Төрөқұловқа қатысты деректер оның қызметіне байланысты шетелдік архивтердің қорларына шоғырланған. Мысалы, Ресей мемлекеттік қазіргі заманғы саяси тарих архивінің В.И. Ленин қоры, Халық Комиссарлар Кеңесі және Еңбек пен Қорғаныс Кеңесінің төрағасы В.И. Лениннің хатшылығы, РК(б)П ОК Түркбюросы (1920-1921), БК(б)П ОК Ортаазиялық бюросы, БОАК пен РКФСР ХКК Түрккомиссиясы, БОАК пен РКФСР ХКК Түркістан істері жөніндегі комиссия, П.А. Кобозев қорлары, Ресей Ғылым Академиясының архиві қорларында, ҚР Президентінің архивіндегі (ҚРПА) РК(б)П Қырғыз облысы партия комитеті 1921-1925 жж. қорларында жинақталған. Сол сияқты Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің Сырдария облыстық басқармасы, Түркістан Республикасы ОАК, Түркістан Республикасы Ағарту Халық Комиссариаты, Түркістан Республикасы Ұлт істері жөніндегі Халық комиссариаты қорларында табылды. Осы архив қорларынан табылған құжаттар мен деректік материалдар Кеңес өкіметінің және РК(б)П Орталық Комитетінің, оның Түркістандағы өкілетті органдары Түрккомиссия, Түркбюро, Ортаазиялық бюроның, жергілікті партия, кеңес органдарының ұлттық кадрларды билік құрылымдарына тартудағы қызметін талдап, оған ғылыми баға беруге мүмкіндік береді. Қайраткермен қызметтес болған партия, кеңес қайраткерлерінің жарық көрген мақалалары мен еңбектері де нәзіртанудың маңызды дереккөзін құрайды. Құнды дереккөз қатарында Түркістан ұлттық элитасының жарқын шоғырында Мүнуар Қары Әбдурашитханов, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлұлы, Санжар Асфендиярұлы, Файзолла Қожаев, Сұлтанбек Қожанұлы, Зәки Уәлиди Тоған, Садриддин Айни және т.б. саяси қайраткерлердің мақалалары мен еңбектері, естелік жазбаларын айтуға болады. Нәзір шығармалары негізінен «Қазақ», «Қазақ мұңы» (Орынбор), «Халқсузи», «Янги Шарк» (Қоқан), «Қызыл Байроқ», «Фарғона» (Андижан), «Инқилоб», «Туркистон», «Ақ жол», «Иштиракиун», «Известия ЦИК Туркестанской Республики» (Ташкент), «Темірқазық», «Революция и национальность» (Мәскеу), «Еңбекшіл қазақ» (Қызылорда) газеттері мен журналдарында жарияланған.

Н.Төрөқұловтың КСРО Халықтары Орталық баспасында қызмет істеген кезінде татар, башқұрт тілдерінде газет-журналдар шығаруды ұйымдастырғандығын ескерсек, ол басылымдарда да қайраткердің мақалалары жарық көрген болуы керек. Оның баспасөзде жарияланған мақалалары мен өлеңдері әдебиетшілердің атсалысуымен толық жиналған сияқты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жалғасы «Архив-2025» бағдарламасы аясында шетелдік архивтердегі Қазақстан тарихына қатысты тарихи құжаттардың табылуы, көшірмелерінің елге жеткізілуі, ғылыми айналымға ұсынылуы сияқты археографиялық жұмыстар өз нәтижесін беруі тиіс. Н. Төрөқұлов сияқты елжанды, мемлекетшіл тұлғаның саяси қызметі мен мәдени шығармашылық өнегесі елдің игілігіне айналып, тарихи жадынан орын алуы тиіс.

Д. Кыстаубаева

ӘОЖ 3

00.02.20.008. Ұлттық сана және оның жаңғыру мәселелері / А. Толамисов, А. Айдынбекұлы // Қоғам және дәуір. – 2020. – № 2. – 66-76 б.

Мақалада «ұлттық сана», «ұлттық өзіндік сана» ұғымдары талқыланып, олардың теориялық аспектілері қарастырылған. Ұлттық болмыстағы сананың орны мен маңызы анықталып, ұлттық сананың көрініс формалары мен компоненттеріне жіктеу жасалынған. Сонымен қатар, ұлттық сананың жаңғыру мәселесі көтеріліп, бұл проблема бойынша кеңестік және батыстық зерттеуші ғалымдардың еңбектері мен көзқарастарына талдау жасалынды.

Мақала мазмұнында ұлт пен ұлттық сана мәселесі пәнаралық байланыста қарастырылатын ғылыми проблема болып келетіні және ол философиялық тұрғыда терең зерттеулерді қажет ететіні кеңінен сипатталады.

Сонымен қатар, ұлттық сана-сезім феномені туралы ғылыми көзқарастар бар дереккөздерді талдай отырып, қазіргі ғылымда ұлттық сана-сезім ұғымы туралы бірыңғай пікір жоқ екені анықталғаны айтылады.

Автор еңбегінде «Ғылыми айналымда ұлттық сананы екі деңгейге бөліп қарастырады: күнделікті және теориялық ұлттық сана. Күнделікті сана – көпдеңгейлі, көпқырлы, қарама-қайшы және қозғалмалы әрі ұлттық-этникалық қауымдастық өкілдерінің көптеген ұрпақтарының табиғи-биологиялық және әлеуметтік даму синтезінің нәтижесі болып табылады. Бұған адамдардың ұлттық сипатында болатын күнделікті қажеттіліктер, мүдделер, құндылықтар, сезімдер мен көңіл-күй және т.б. жүйесі және де халықтың атадан балаға мирас болып сақталып келе жатқан салт-дәстүр мен әдет-ғұрып ерекшеліктері жатады. Ал теориялық сана – халықтың өмір жолы, ұлттың дамуы мен мақсаты туралы ғылыми негізделген, әлеу-меттік-саяси бағытталған көзқарастар жүйесі болып табылады», - деп атап өтеді.

Кеңестік тарихнамадағы ұлттық сана мәселелеріне тереңінен үңіле отырып, автор ұлттық сана тақырыбын зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектерін атап өтеді. Сондай-ақ, батыстық ғалымдар зерттеулеріндегі ұлттық сана төңірегінде ой өрбітіп, олардың арасында ұлттық сананы жеке-дара, бірегейлік мәселесінен ажыратып қарастырған ғалымдардың бірі Франц Фанонның көзқарасына тоқталады.

Осылайша, ұлттық сана мен өзіндік сана-сезім мәселелері талай ғылыми зерттеулер мен дискуссиялардың өзегі болғаны, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесі оның анықтамасы мен құрылымын анықтауға тырысқаны түсіндіріледі.

Автор өз мақаласын «Қалай дегенмен де, барлық ғалымдар ұлттық сананың ұлт пен халықтың мәдени-рухани өмірінде ерекше рөл атқаратынын атап көрсетеді», деп түйіндейді.

А.Н.Шуленбаева

## ТАРИХ. ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ 93/94

03.02.20.009. Алаш һәм Алашорда әскері / С. Тастанбек, А. Айтмамбетова // Академик Кеңес Нұрпейіс және қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру тарихы: Халықаралық ғыл.-тәж. конф. материалдары (12 наурыз 2020 ж.); Ш.Ш. Уәлиханов атын. Тарих және этнология ин-ты; редалқа : Н.Р. Аршабеков, Ж.Б. Аширбеков; жауап. ред.: А.М. Сманова, С.Қ. Шілдебай. – Алматы: Қыздар университеті, 2020. – 183-185 б. – Библиогр.: 9 атау.

XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы қазақ халқының ұлт-азаттық күресін жаңа сапалық деңгейге көтеріп, ұлттық сана-сезімді оятып, қазақ қоғамында жаңа идеялар мен ой-пікірлердің, көзқарастардың қалыптасуына жол ашты.

Алашорданың ұлттық - мемлекеттік құрылыс саласындағы қызметінің алғашқы қадамдарында «халықтық милиция» түріндегі Алаш автономиясының қарулы күштерін құру мәселесіне үлкен мән берілді. Тарихта «азаматтық» деген атпен белгілі болған соғыста Алашордашылардың қазақтан әскер жинап, «Ақ әскер» жағында қатысуы жөнінде әлі күнге дейін толық зерттеулер болмады. Азамат соғысы жылдарында большевиктермен тікелей

күреске қатысқан Алаш әскерінің тарихы, ғылыми маңызы Кеңес үкіметі тұсында айтылмады да, жазылмады. Тек 1990 жылдардың аяғында коммунистік, таптық идеология ыдырағаннан кейін бұл тақырыпқа назар аударыла бастаған отандық алаштанушы-ғалымдардың Кеңес Нұрпейіс еңбегінде және М. Қойгелді, Д. Аманжолова, Т.Жұртбай, Д.Қамзабекұлы, Д. Қыдырәлі, С.Аққұлы, Ғ.Әнес, С.Смағұлова, Е.Сайлаубай, Б.Әбдіғани, К.Ілиясова және т.б. еңбектерінде көрініс тауып, жан-жақты баға беріле бастады. Алашорда үкіметінің басты баспа органдары болған «Қазақ» және «Сарыарқа» газеттерінде де көрініс тапты. Бұл басылымдарда қазақ полктері жайлы, оның қатарына еруге және қолдауға қатысты түсініктемелер мен шақырулар туралы құнды ақпараттар берілді. Осы мақсатта, белгілі ғалым, саясаттанушы Берік Әбдіғалиұлының 2017 жылы 392 беттен тұратын «Алаш әскері (1918-1920ж.ж.)» тақырыбында жарық көрген жаңа еңбегі Алашорда үкіметінің бір ғасырлық мерейтойы қарсаңында отандық алаштану тарихына қосылған сүбелі сый ретінде бағалауға тұрарлық.

Қазақтан әскер алуға деген екі көзқарас болғанғандығы анықталады: біріншісі - тарихта белгілі ұлт-азаттық көтерілістерге алып келген көзқарас. Ал, екіншісі - қазақ ұлттық-демократиялық зиялыларымыздың көзқарасы: олар қазақтан әскер берейік, бірақ, қадағалап отырайық деген пікірді ұстанды. Алаш әскерін құру идеясы 1917 жылғы І-ші жалпы қазақ съезінде көтерілген, бірақ, ондағы «...анархия болу қаупі бар, сол себепті осы күнгі әскер орнына халық милициясы құрылсын» деген сөздер сол күйінде қалып, іске асырылмады. Ал, ІІ-жалпы қазақ съезі қарсаңындағы елдегі әлеуметтік-саяси жағдайлар бұл мәселені қайта көтеріп, соған сәйкес нақты іс-шаралар жасауға итермеледі. Осы мақсатта айта кететін мәселе - Алаш әскерінің атқаратын қызметі - соғысқа бару емес, елінің тыныштығын сақтау, ал міндеті - сырттан келген жауға қарсы тұрып, еліне қорған болу екендігі.

Жалпы Алаш әскерінің іс-қимылдары билікке келген большевиктерге қарсы 3 бағытта жүргізілді:

Алаш әскерінің оңтүстік-шығыс бөлімі. 1918 жылдың жазында Алаш әскерін құруда ерекше көзге түскен тұлғалардың бірі – жетісулық Отыншы Әлжанов болатын. «Ол Түркістан Комитеті (бастығы О. Шкапский) арқылы қазақ милициясына 500 мың сом ақша алдырып, оны Лепсі казначействосына салған, кейіннен большевиктердің талан-таражына түскен. О. Әлжанов Отанды Қорғау комитетінің құрамына кіріп, 300-ден астам адамы бар атты әскер жасақтайды. Ақыры осы жолда большевиктер қолынан қаза табады. 1918 жылдың наурыз-мамыр айларында Зайсан өңірінде 15 атты милиция шығарылды. Әскер құрамында әскери міндеткерлік қызметтен қайтқан ноғай солдаттарының болғандығын атап өтуге болады.

Алаш әскерінің шығыс бөлімі. Азамат соғысы басталған тұста Алашорданың орталығы Орынбордан Семейге көшті. Осылайша Алаш көсемдерінің алғаш қолға алған ісі халық әскерін құру болды. Әскерді құру және жұмылдыру мақсатында Семей облысына қарасты 22 болыстың әрқайсысынан 30 адамнан жинау нақтыланды. Соның нәтижесінде 700-ден астам қазақ милициясы құрылды. «Әйелі жоқ салт жігіттерге айына 60 сом, әйелі барларға 160 сом берілген. Бәрінің киім-тамағы һәм басқа шығындары қазынадан бөлінген».

Семейден бастау алған Алаш әскерін құру ісі еліміздің басқа өңірлерінде де жалғасын тапты. Сол кездегі ұлттық мерзімді басылым беттерінде «Қостанайда 2-ші қазақ полкі, Жаманқалада (Орск) - 3-ші, 4-ші, Оралда - 5-ші, 6-шы қазақ полктері жасалатыны» туралы мәліметтер кездеседі. Сондай-ақ, «Өскеменде қазақ капитаны Хамит Токтамышев ер көңілді қазақ жігіттерінен 1-ші полк пен офицер шығаратын медресе ашқан» деп сипатталады. Атап айтар болсақ, өлкедегі сүзек ауруы асқынып тұрса да, Алаш (Семей) қаласында А. Бөкейханова, Г. Тынышбаева бастаған әйелдер қауымы «қазақ һәм ноғай әйелдерінің күшімен қысқа мерзімде 1000 пар көйлек-көпшікті дайындап, қазақ әскерін сүзек ауруынан сақтап қалған».

Алаш әскерінің батыс бөлімі. Алашорданың батыс бөлімінің жетекшілері Орал облыстық қазақ съезіне «1918 жылғы (ақпан) Орал казачествосымен одақтасу жөніндегі (кеңес өкіметіне қарсы)» келісім шартты заңдық негізде даярлау және Орал казачествосына заттай және қаржылай көмек беру мақсатын жүзеге асырды. Сонымен қатар батыс бөлім алдына әскерді ат-көлікпен, жылқымен қамтамасыз ету, Уфадағы әскери үкіметке «Қырғыз милициясының» атын «Қырғыз халық армиясы» деп өзгерту мақсатында жіберілетін адамдарды белгілеу, Жымпитыдан 6 айлық юнкерлік қысқа курстар ашу міндеттерін қойды.

Алаш әскері таратылғаннан кейін, 1921 жылдың сәуірінде қазақтардың басым бөлігі Қызыл әскер құрамынан шығып, эшалондармен Жетісу аймағына жөнелтілді. Алаш әскери бөлімдерінде болған көптеген жігіттер 1937 жылғы қуғын-сүргіннен қашып құтыла алмады. Ал тірі қалғандары, өздерінің қызметі туралы ақпараттарды өте құпия ұстады. Сондықтан, ешкім де,

соның ішінде ұрпақтары да, өздерінің ата-бабалары - Алашорда тұлғаларының жасаған ерен ерліктері туралы біле бермейді. Алашорданың мұрасы болашақ ұрпақтар үшін бұрын-соңды болмаған өте ауқымды моральдық және ождандық-идеологиялық әлеуетті білдіретінін атап өткен жөн. Олардың халыққа қызметі және адамгершілік принциптеріне деген сүйіспеншілігі – бұл жанқиярлық пен адалдығының жарқын мысалы.

Ж. А. Абдикеримова

ӘОЖ 93/94

03.02.20.010. **Ашаршылық** / Т. Омарбеков. – Алматы: Арыс, 2019. – 80 б.

Қазақстан тарихында әлі де анықталмаған, тарихи тұрғыдан талас туғызатын, жан-жақты талдауды қажет ететін күрделі мәселелер баршылық. Солардың бірі 1931-1933 жылдардағы қазақ жерін жайлаған ашаршылық мәселесі.

Ашаршылық шын мәнінде большевиктердің күшпен ұжымдастыруға негізделген аграрлық реформаларының тікелей салдарынан орын алған еді. Ауыл шаруашылығын реформалауда халықты немесе ұлтты қасақана өзара жау таптарға бөліп, өздері жіберген дерекі қателіктерді және оның ауыр демографиялық салдарларын адамдардың кейінгі ұрпағынан жасыру үшін кеңестік тоталитарлық жүйе шынайы тарихты бұрмалады, орын алған қателіктерге іс жүзінде осы қатыгез саясаттан өздері азап шеккен жергілікті ауқатты шаруалардың - кулактар мен байлардың өздерін кінәлап, ал аштан қырылған халық туралы шындықты анықтауға көмектесетін архивтік мәліметтерді бермей, жасырып ұстады.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. Омарбековтың бұл еңбегінде ғалымның соңғы отыз жыл бойы тынбай зерттеген Ашаршылық тақырыбының негізгі қорытындылары баяндалған. Онда 1930-1933 жылдары Қазақстанда болған алапат аштықтың басты себептері анықталады. Жаппай қырылған халық пен босқынға ұшыраған жандардың сан мөлшері архив деректерімен нақтыланады.

Кеңестер билігі заманындағы ашаршылықтың қасіретті салдарларын көрсететін архив құжаттары тек Кеңес Одағы ыдырап, кезінде алапат ашаршылық орын алған Қазақстан, Украина тәрізді елдер тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана зерттеушілерге беріле бастады.

Қазақстандық тарихшылардың көпшілігі 1930-33 жылдардағы ашаршылыққа күштеп ұжымдастыру науқанын кінәлайды. Әрине, бүкіл бұрынғы Кеңестер Одағындағы кейбір Украина, Қазақстан тәрізді жекелеген аймақтарды алапат аштыққа ұрындырған ең басты себеп-сталиндік тоталитарлық жүйе немесе сталиндік аграрлық реформа.

Алты алашқа әйгілі, қазақ деп қабырғасы қайысқан Ә.Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, К.Кемеңгеровтың, С.Сәдуақасовтың, бір сөзбен айтқанда Алаш зиялыларының кезінде айтылған ұлттық шаруашылықтың дамуын сақтауға байланысты ұсыныстары қабылданбай, ал олардың өздері ашық қуғын-сүргінге ұшырады.

Мұрағат қойнауындағы нақты құжаттарға жүгінер болсақ, қазақтың аштан қырылуының негізгі және басты себебі - дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі болып табылатынын айқын байқаймыз. XX ғасырдың ең ауыр қасіреті 1931-1933 жылдары ашаршылықтан адамдардың қырылып қалуы – осы жылдардағы орны толмас демографиялық апат. Қазақстанның ауылдағы халқының саны 1930-1933 жылдардағы ашаршылықта 3 млн. 379,5 мың адамға кеміген.

Ашаршылық апатынан тірі қалғандарды 1930-1933 жылдары күрт кеміп кеткен ауыл адамдарының 3 млн. 379,5 мың адам санынан шегеріп тастаймыз. Сонда 2 млн. 230,3 мың адам күштеп ұжымдастыру жылдарында опат болған.

Қазақстандағы Ашаршылық тарихы, әсіресе 1930-1933 жылдардағы халық қасіреті әлі де тарихымызда бұрмаланып келеді. Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандары туралы айтқанда түсінікті себептермен адам санын дәлме-дәл көрсету мүмкін емес. Ашаршылықта 2 миллионнан астам қазақ қырылды, ал бұл республикадағы сол кездегі қазақ халқының жартысына жуығы деп қорытынды жасауға болады. Мұндай қорытынды өкімет комиссиясы құрамына енген ғалымдар тұжырымына да сәйкес келеді.

Қазақстандағы ашаршылықтың себебі бірнешеу, олар сол тұстағы республика басшысы Голощекиннің 1926-1928 жылдардағы «Кіші қазан» реформасынан бастау алады. Осы науқандағы 1928 жылғы ірі қазақ малшыларын (байларын) тәркілеу ашаршылықтың алғашқы

бастау себебі болып табылады. Сонымен бірге көшпелілерді күшпен ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру, ауыл шаруашылық өнімдеріне салық салу, астық және ет салығының үздіксіз қолданыста болуы, 1929-1931 жылдарда қазақтарды жаппай босқыншылыққа ұшыратып, елде ғаламат Ашаршылықтың орын алуына негіз болды.

Белгілі ғалым Талас Омарбековтың «Ашаршылық» атты еңбегі ХХ ғасырда қазақ халқын қырғынға ұшыратқан ауыр зұлмат зардаптарына байыпты талдау жасауымен де құнды.

К.А. Бердалиева

ӘОЖ 93/94

03.02.20.011. **Ашаршылық қасіреті**.1-кітап. / С. Смағұлова.– Алматы: «Елтаным баспасы», 2019. – 272 б. – Библиогр.: 309 атау.

Жұт пен ашаршылық – қазақ тарихындағы ең қасіретті нәубет. Жұттың соңы аштықпен ұласып, мал да, адам да қырғынға ұшырады. Қазақ жерінде халықтың басына қайғы тудырған, бұл 1916-1918, 1921-1922, 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтар. Қайғы-қасірет әкелген 1921-22 жылдардағы аштық нәубеті 30-жылдары жалғасын тауып, халқымыздың тең жартысы қырылды, басқа елдерге босып кетті. Жұттан эпидемиялық аурулар туындады. Адам мен малға тез жұғатын аурудың бірі болған оба ауруы қазақ жерінде әр жұт сайын қайталанып отырған. 1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы қазақ шаруашылығына есепсіз зиянын тигізді. Қазақ шаруаларына соғыс есебіне бірнеше салықтардың салынып, оларды қолындағы барлық мал-мүлкін үкіметке беруге мәжбүр етті. 1916-1918 жылдардағы болған аштық халқымызды әлеуметтік және экономикалық жағынан тұралатып тастады. ХХ ғ. 20-жылдарының басында Қазақстанның ауылшаруашылығы аса күрделі жағдайда болды. Бұған республикада болған Азамат соғысы өз ізін қалдырды. Қазақ Орталық статистикалық Басқармасы ҚКСР далалық өлкесіндегі ашаршылықтың болуы себебін 1918-1919 жылдардағы Азамат соғысынан кейінгі шаруашылықтың күйреуі, бандитшілдіктің шығуынан деп тұжырымдады. Архив құжаттарына сүйенсек, 1921 жылы қардың аз болып, көктемде топырақтың ылғалы төмендеп, жаңбыр жаумай, мамыр айында астық пен шөп белгілі мөлшерде шықпаған. Сонымен қатар, қыстан әзер аман шыққан арық малдардың қырылу қаупі төнген. Аштықтың азабынан Қазақстанмен шекаралас Қытайға қарай өткен қазақтар одар әрі ішкерілей Моңғолия, Түркия, Ауған елдеріне шұбырды. Республиканың ашыққан аудандарын жайлаған жұқпалы аурумен күресу мүмкін болмады және шешек, сүзек, оба сияқты аурулар жергілікті тұрғындар арасында санитарлық тазалықтың төмендігінен жылдам тарады.

ХХ ғасыр басында қазақ ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының 6 миллионға жеткенін қуана хабарлаған. Өкінішке орай, ақынның қуанышы, көбейіп ұлтымыздың мерейін үстем етеміз деген арманы Бірінші дүниежүзілік соғысы, 1916 жылдағы қазақтардың қара жұмысқа алынуы мен ұлт-азаттық қозғалыс және Азамат соғысының салдарынан «әскери коммунизм» жылдарында туындаған астықтың шықпай қалуы, қуаңшылық, оның үстіне салықты салғыртпен алмастыру нәтижесінде шаруалардың қолындағы барлық астығымен қоса, қорда сақталып отырған тұқымдары да күшпен тартып алынуы тікелей әсерінен, 1916-1918 және 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан жүзеге аспай қалды. Осы зобалаң жылдары ғасыр басындағы алты миллион халқымыздың тең жартысынан айырылды.

Қазақстандағы 1921-1922 жылғы ашаршылықтың шығу шындығына келсек, ол ауа райы, құрғақшылық емес, большевиктер мен олардың партиясының біржақты саясаты еді.

А.Б. Рахешева

03.02.20.012. **Қазақстанда поляк армиясын жасақтау жұмыстарының кейбір мәселелері**/ А.М. Сманова // Академик Кеңес Нұрпейіс және қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру тарихы: Халықаралық ғыл.- тәж. конф. материалдары (12 наурыз 2020); Ш.Ш. Уәлиханов атын. Тарих және этнология ин-ты; редаққа: Н.Р. Аршабеков, Ж.Б. Аширбеков; жауап. ред.: А.М. Сманова, С.Қ. Шілдебай. – Алматы: Қыздар университеті, 2020. – 222-226 б. – Библиогр.: 13 атау.

Қазақстан мен Орта Азияда поляк азаматтарын өз еркімен армия қатарына шақыруда 1939 жылы қыркүйек айының 17 күнінен бастап жүргізілген науқан бойынша, Кеңес Одағына Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан жер аударылған поляктар ғана шақырылды. Поляк азаматтарын жер аудару кезінде 50 мыңнан 80 мыңға дейін жұмыссыздар Донбасқа шахтаға, Оралға тау-кен жұмыстарына, 100 мыңдай поляк азаматтары Қызыл Армия қатарына шақырылған болатын.

Соғыс жылдарында КСРО жеріндегі көптеген мұрағат құжаттарының мәліметтеріне қарағанда 1941 жылдың қыркүйек айында Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерінен 389 382 адам күшпен көшірілген, ал олардың 120 962 адамы түрмелер мен лагерлерде және шалғай аудандарда айдауда болған, арнайы қоныстарға жіберілген поляктар 243106 адам, соғыс тұтқындарының саны 23314 адам болды.

1941 жылы қазан айында Куйбышевқа (қазіргі Самара) ауыстырылған поляк елшілігінің талабы бойынша поляк армиясын Кеңес Одағының ауа-райы қолайлы жерлерге ауыстыруды көздеді. Сондықтан Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанда жаңа поляк дивизияларын жасақтау туралы шешім қабылданды. Қазан айының 28 күні Алматы қаласындағы Қазақ ҚСР-ы Әскери комиссариатының І-дәрежелі генералы Щербаковқа Поляк армиясының капитаны Казимир Марьянский өз талаптарын білдірген болатын. Онда: «Алматы, Қарағанды және Ақмола облыстарында тұрып жатқан поляк азаматтарына көмек көрсету мен Алматы қаласында Польша елшілігі мен Поляк армиясының штаб-пәтерін ашу, сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан поляк азаматтарын армия қатарына шақырып, оларды Самарқанд қаласындағы Поляк армиясының бөлімшесіне жіберу туралы» - деп атап көрсетілді. Қазақстанның барлық облыстарында поляк азаматтарын Поляк армиясы қатарына шақырып, жергілікті жерлерде Поляк армиясының штаб-пәтерлерін ашу туралы мәселе көтерілді.

1941 жылғы қараша айының 26 күнгі мәліметі бойынша Оңтүстік Қазақстан облысына 18 000 поляк азаматтары жөнелтілді. Бұлардың көпшілігі МТС-тар шеберханалары мен ауыл шаруашылық жұмыстарына жіберілді.

1941 жылдың желтоқсан айының 25 күні КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің №1064сс қаулысына және КСРО Үкіметі мен Польша Республикасы арасындағы келіссөзге сәйкес поляк армиясы қолбасшылығына Қазақстан мен Орта Азия аумақтарында құрамы – офицер, унтерофицер және қатардағы жауынгерлерден тұратын 96 000 адамдық поляк дивизияларын жасақтауға бұйрық берілді. Осы поляк армиясына тек 1939 жылға дейін Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан жер аударылғандарды шақыруға рұқсат етілді. Ал сол жерлерден келген басқа ұлт өкілдерін (еврей, чех, украин, беларус т.б.) армия қатарына шақыруға тыйым салынды.

1942 жылы желтоқсан айының 25 күні Қазақ КСР-ы Халық Комиссарлар Кеңесі мен КП(б) Орталық Комитетінің арнайы қаулысы бойынша поляк әскери құрамдарын орналастыру туралы шешім қабылданды:

- а) Түркістан-Сібір темір жолы бойындағы Отар бекетіне орналастыру;
- б) Түркістан-Сібір темір жолы бойындағы Луговой бекетіне орналастыру;
- в) Мерке аудан орталығына, «Красный интернационал» колхозына, «Красный Восток» колхозына орналастыру;
- г) Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шоқпақ, Түлкібас және Манкент елді мекендердегі пункттерге орналастыру.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында кеңес-поляк қарым-қатынасына байланысты ақтандақтар болды. Сол жылдары Лондонда құрылған Польша эмигранттық үкіметі мен Кеңес үкіметінің арасындағы саяси келісім бойынша Кеңес Одағында жасақталған генерал Андерс армиясының тарихы Кеңес тарихнамасында көп айтылған жоқ. Қазіргі кезде бұл тарих беттері басқаша қаралып, өз шешімін тауып отыр.

03.02.20.013. **Мұстафа Шоқай мұрасы – түркі бірлігі жолындағы күрес тарихының дереккөзі** / Г.Жүгенбаева // Академик Кеңес Нұрпейіс және қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру тарихы: Халықаралық ғыл.-тәж. конф. материалдары (12 наурыз 2020 ж.); Ш.Ш. Уәлиханов атын. Тарих және этнология ин-ты; редаққа: Н.Р. Аршабеков, Ж.Б. Аширбеков; жауап. ред.: А.М. Сманова, С.Қ. Шілдебай. – Алматы: Қыздар университеті, 2020. –79-84б. – Библиогр.: 18 атау.

Мақалада ұлт зиялыларының мұраларынан түркі халықтарының 1917 жылғы саяси-тарихи кезеңдегі азаттық қозғалысының күресі мен тарихи сынағы болған автономиялық үкіметтер туралы маңызды тарихи деректерімен танысуға болады. Ол азаттық қозғалыстың қайраткер тұлғаларының мұраларын деректану тұрғыдан талдау жұмыстарының өзектілігін сақтап қалғанын білдіреді. Елімізде Мұстафа Шоқай (1890-1941) мұрасын ғылыми тұрғыдан танып білу мен зерттеу соңғы жылдары ғана жаңа сипат алуда. Мұстафа Шоқай мұрасын деректемелік сипатта зерттеудің отандық мектебін қалыптастыруда көрнекті ғалым Көшім Есмағамбетовтің сіңірген еңбегі мол. М.Шоқай еңбектерінің қазақ, түрік, өзбек-шағатай, орыс, француз, ағылшын, неміс, түрік, поляк т.б.тілдерде жариялануы және олардың еуропа пен азия әлемінен бірдей табылуы өз кезегінде шекарасыз зерттеулерді дамытатын салмақты әлеуетін көрсетеді.

Саяси тұрғыдан мансұқталған тұлғаның қоғамдық-саяси көзқарасы мен ұстанған идеялық бағыты үшін ғылыми ғұмырнамасы мен шығармашылық мұрасын зерттеуде назар аударатын мәселе де бар. Бұл орайда К.Есмағамбетовтің М.Шоқай мұрасын деректемелік тұрғыдан зерттеудің қазіргі күнге дейінгі нәтижелерін нақтылап, айтқан пікірі өте құнды: «Мұстафатанудағы кейбір қайшылықты пікірлердің болуы тарихи шындыққа жету процесінің күрделілігіне байланысты. Сол себепті кез-келген, аса ыждаһаттылықпен жазылған тарихи еңбектің өзіне де ақиқаттың салыстырмалы шама екендігі туралы принцип тұрғысынан қарау керек» - деп жаза келе, зерттеушінің өткенге деген қатынасы мен ұстанымын білдіріп өтеді: «Әділ сот болуға ұмтылысына қарамастан, тарихшының өткенге көзқарасы моральдан аулақ, мүлдем бейтарап бола алмайды. Дегенмен кәсіпқой тарихшы белгілі бір тұжырымдар жасауға сақтықпен қарап, оны көп жағдайда оқырманның өз үлесіне қалдырады. Ол тек оқиғаның орын алу себептерін, даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтаумен айналысады».

Деректемелік тұрғыда Мұстафа Шоқайдың мұраларын зерттеуде жазған естеліктері, заманхаттары, эпистолярлық мұралары қатысады. Ол қайраткер ретінде заманхаттық еңбектерінің басым көпшілігін 1917 жылдың күрделі бетбұрысты саяси оқиғаларына, «Түркістан автономиясы» тарихына арнады. Сондай-ақ, тұлға мұралары арасында «1917 жыл естеліктерінен үзінділер», «Против одной научной лжи (К 14-ой годовщине Кокандской автономии)», «Как пишут большевики «Историю», «Туркестан под Советской властью» т.б. естелік сипаттағы еңбектерінің маңызы зор.

Өзінің жазбаларында М.Шоқай Түркістан автономиясы туралы естеліктерін жариялау ретін түсіндіреді. Ол «Ұлттық қозғалысымыздың жолында бүгін тарихқа айналған Түркістан автономиясы қазіргі ұлт-азаттық қозғалысының бастау көзі. Сондықтан да ол ұлттық күресіміздің тарихында зор қоғамдық мәні бар оқиға. Еуропа мен Америкада Түркістан автономиясының зейін қоя зерттелуі де оның мәні зор екенін көрсетеді», - деп жазады.

Сондай-ақ, ХХ ғасыр басындағы Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси күрестің демократиялық, прогрессивті бағытын дамытушылар, Ресей демократиясының теориялық-саяси ұстанымдарын жергілікті ұлттық аймақтарда жүзеге асыруға ұмтылуда және эволюциялық табиғи тұрғыда қоғамды жаңартуға, ілгерілеуге тырысқан жәдиттік қозғалыс түрінде көрінді. Осы екі идеялық бағыттың түйісуін «Түркістан автономиясы» жүзеге асырды. Мұнда қазақ зиялылары М.Тынышбаев, М.Шоқай, Ә.Оразаев демократиялық ұстанымдарымен танымал тұлғалар ретінде көрінсе, жәдиттік қозғалыстың көрнекті өкілдері М.Бехбуди, М.Қари, У.Ходжаев, А.Фитрат, А.Қадыры және т.б. болды.

Мұстафа Шоқай бұл бағыттың іс-тәжірибесінен тиісті сабақ алуды көрсетіп: «Өткен кезеңнің ауыр да ащы тәжірибесі бұдан былай қайталанбас деп үміттенеміз. Шынында өз елінің бостандығын тілейтін азамат ең алдымен орыс партияларына сенуден мүлдем үміт үзіп, орыстан басқа халықтардың күшін ортақ күрес майданына топтастыру ісіне аса батыл кірісуі керек», - деп талдау жасады.

1917 жылғы Ресей мемлекетіндегі Ақпан төңкерісі Түркістан өлкесіндегі ұлттық қозғалысқа күрделі саяси бетбұрыс әкелді. Осыдан кейін қоғамды жаңарту және қоғамдық құрылымды реформалау мен өзгертуге жаппай құлшыныс басталып, ұлттық қозғалыс жаңа қарқынмен күшейе түсті. Осындай жаңа тарихи жағдайға байланысты ұлттық-территориялық автономияға қол жеткізу үшін күрес туады. Түркістан автономиясы қиын жағдайда өмір сүрді, оның мүмкіндігі шектеулі болды. Бұл тарихи оқиғаны тұтастай алғанда автономия сол кезеңнің нақтылы өмір шындығының деңгейінен, тарихи жағдайының үдерісінен ұзап шыға алмады. Сондықтан кадр, қаржы, әскери күш, байланыс, қоғамның идеялық тұтастығындағы жетіспеушіліктер оның өмір сүруіне кедергі болды. Бұл, әсіресе саяси күресте большевиктердің күш алуынан кейін қатты төмендеді. Нәтижесінде, 1918 жылы ақпанда большевиктер автономияны күшпен таратты.

Сөйтіп, түркістандықтардың «жаңарған» демократиялық Ресейдің қолдауына сүйеніп, өз алдына ел болмақ талпынысы қасіретпен аяқталды. Түркістан қоғамының мүдде жолындағы әлі де шикілігі, рухани және саяси сананың әлсіздігін «Бірлік туы» газетінде М.Шоқайдың хатында нақты көрсетілді. Ол хатта «Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талан-таржысынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы болып табылады», - деп жазған. Мұнда М.Шоқайдың пікірі азаттық үшін күрестің шынайы және әділ берілген бағасы деп саналады.

Мұстафа Шоқай бұдан кейін «Түркістан автономиясына» байланысты кеңестік үгіт-насихат шабуылына және шетелдік эмиграцияда жүрген серіктеріне ғылыми объективті түрде тойтарыс беріп отырды. Бұл естелік жазбалардан айтулы тұлғаның ақталуы, жан күйзелісі емес, мүдде және айқын мақсат пен міндет жолындағы күрес кезеңдері, іс-тәжірибенің тарихи заңдылықтары, жағдайға байланысты туындайтын сәттері анық байқалады.

М.Шоқайдың естеліктерінде «Түркістан автономиясының» тарихи шындығы, 1917 жылғы Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси жағдай, отаршылықтың қоғамдық-саяси ой-санаға әкелетін зардаптары және қарсы күрескерлік рухтың тууы эволюциясы анық көрінеді.

Көрнекті тұлға мұрасының түркі халықтарының азаттық үшін күрес тарихын барынша ғылыми саралауға, жан-жақты талдау жүргізіп, зерттеуге тарихи дереккөздік тұрғыдан маңызы өте зор. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұраларының деректемелік әлеуеті түркі халықтарының саяси азаттыққа ұмтылысын нақты көрсетуімен құнды. Түркі бірлігі идеясының нәтижесі саяси тәуелсіздікке жетудің тағылымды тарихы екені даусыз.

Қ.М. Изамбекова

ӘОЖ 93/94

03.02.20.014. **Міржақып Дулатұлы баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларындағы қазақ қоғамындағы келелі мәселелер** / Б.Б. Октябрь // «Ұлы дала ұстазы»: Әл-Фарабидің 1150 жылдығына және «Рухани жаңғыру» мақаласының 3 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (10 сәуір 2020 жыл). – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2020. – 174-179 б.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы ұлт еркіндігі мен өзін-өзі билеуі үшін қанша қуғын-сүргін көрсе де, өмірлік мұраты еткен теңдік пен азаттық жолынан ешбір таймаған. Патшалық Ресей отаршылдықты күшейтіп, кінәсіз, асыл азаматтарды Сібірге айдап, абақтыға жауып, ату жазасына кескен. Сауаты кем бұқара қазақ, ел ішінен шыққан белсенділердің зорлық-зомбылығынан қажыған.

Осындай жағдайды көзбен көрген Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» өлеңінде: «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты, Өткізбек қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп, Қазағым, енді жату жарамасты», деп жазып, отарлау саясатының тақсіретін тартқан қазақ халқын оятуға, күресуге шақырған.

Міржақып Дулатұлының 1907 жылғы «Серке» газетінде «Біздің мақсатымыз» атты тұңғыш мақаласы шыққан. Онда «Қазағым менің, елім менің! Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық. Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады» деген сөздері, қазақ халқының азаттығы жолындағы күресінің мәнін аша түскен.

«Жер мәселесі» мақаласында қазақ үшін аса маңызды – елді отаршылдыққа үндеген. «Қайтсек жұрт боламыз» атты мақаласында патша үкіметі құлап, ескі тәртіп жойылып,



бостандық туғанына жыл жарым болғаны, халықтардың ұйымдасып, жұрт қатарына қосылу-дың лажын іздестіру қажеттігі туралы жазған. «Әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия ала алмаймыз. Автономия алмасақ, жұрт бола алмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ, жауап біреу-ақ – әскеріміз болса ғана жұрт боламыз» деп кесіп айтқан. Мақалада халықтың бірлігі жайлы мәселені де көтерген.

1918 жылғы 2 қаңтардағы «Сарыарқа» газетіне шыққан «Жалпы қазақ – қырғыз съезі» деген мақаласында автономия - мемлекет болудың оңай еместігін ашық айтып, барлық қазақ баласына Алаш туының астына жиналуға шақырған. «Біз енді өз алдымызға мемлекет боламыз деп тұрмыз. Бірақ «боламыз» бен «болудың» екі арасы жермен көктей. Сондықтан аянбай қам қылу керек. Боламыз деп бола алмай қалсақ, дүниеде онан артық қорлық жоқ, кез-келгеннің қолында кетеміз» деген.

1907 жылы Патша жарлығымен қазақтар, Сібір және Орта Азияның тұрғылықты елдері Ресей мемлекеттік Думасына қатысу құқығынан айрылып, ұлттың өзін-өзі басқару мүмкіншілігі жойылған болатын. М. Дулатұлы «3 шілде заңы» атты мақаласында «Егер де қазақтардың мәселелерін шешу барысында қазақтардан шыққан депутаттар қатыспаса, ұсыныс жасайтын депутаттар қаншама білімді әрі шешен болғанымен мәселені шешетін тоқтам болмас», - деп жазған.

«Біздің міндетіміз» атты мақаласында қазақтар құқықсыз халық екендігі, жиналған салықтың ел пайдасына қолданылмайтындығы айтылған. Шенеуліктердің ұлықтығы жайлы, қазақ жеріндегі орын алып жатқан мәселелерді ашып жазған.

Қазақ тілінің жағдайы мен мәртебесінің төмендігі, қазақ тілінің дамуы мен алға басу қазақ жазушыларынан басталуы керек екендігін ұсынған. «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған мақаласында «Біздің жазушылардың көбі – орысша оқығандар. Олардың қазақша жазғаны да орысшаға ұқсап тұрады, оны кара қазақ түсіне алмайды. Қазақ тілін іске асырамыз десек, жазылған сөздердің кемшіліктерін құрту керек. Ол кемшіліктер – дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлеу жүйесі, жалпы кемшілік» - деп көрсеткен.

1928 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған мақаласында еңбекшілердің таптық сезімін оятып, саяси саңылауларын көтеріп, мәдениет төңкерісінің маңызын түсіндіре білген.

Дегенмен, қылышынан қан тамған кеңес билігі кезеңінде газет бетіне сол заман сорақылығын жазу, жариялау мүмкін емес еді. Патша үкіметі мен кеңес билігі ол кезде қазақ қоғамын артта қалған, патриархалды қоғам деп сипаттаған. Қазақ тек мал баққан, көшпенді сауатсыз халық деп көрсеткен.

Қорыта айтқанда, Міржақып Дулатұлының мақалалары Қазақстанның отарлануы, шаруашылық, жер мәселесі, 1916 жыл оқиғасы, тарихи тұлғалар, әдебиет, театр, баспасөз, оқулық жасау, халықаралық жағдай, ұлттық мінез және т.б. қамтыған. Қазақ халқының Ресейге тәуелділігі, отарлық тепкідегі ел екендігі, әдет-ғұрып, тұрмыс-салттың, мұсылман дінінің қудалануы, орыстандыру, шоқындыру әрекеттерінің өршуі, жер мәселесі, қуғын-сүргін зардаптары туралы ашық жазған.

Ф.Қ. Бектурбекова

ӘОЖ 93/94

03.02.20.015. **Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты парсы деректері** / Г.Е. Бакаева // Академик Кеңес Нұрпейіс және қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру тарихы: Халықаралық ғыл.-тәж. конф. материалдары (12 наурыз 2020 ж.); Ш.Ш. Уәлиханов атын. Тарих және этнология ин-ты; редаққа: Н.Р. Аршабеков, Ж.Б. Аширбеков; жауап. ред.: А.М. Сманова, С.Қ. Шілдебай. – Алматы: Қыздар университеті, 2020. – 215-219 б. – Библиогр.: 8 атау.

Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихын жазуда араб, грек, парсы, қытай, түрік деректері ерекше орынға ие. Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстанның тарихы жөнінде парсы тілінде тарихи, мемуарлық, географиялық еңбектерден аса маңызды материалдар алынуда.

Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны монғолдардың жаулап алуын зерттеуде басты дерек – Ала ад-дин Ата Мәлік Жувейнидің «Тарих-и джахангуша» («Әлемді бағындырушының тарихы») деген еңбегі (1260 ж.). Жувейни бұл еңбегінде Отырардың қоршалуы, Сырдария бойындағы қалалардың талқандалуы туралы хабарлайды. Шағатай, Жошы, Үгедей ұлыс-

тарының Қазақстан аумағында орналасуы, XIII ғасырдың ортасында Шағатай ұлысында болған қырқыстар мен бүліктер туралы деректер келтіреді.

XII-XIII ғ. монғол және түрік тайпаларының тарихы жөніндегі елеулі еңбек Фазлаллах Рашид ад-Диннің «Жами'ат-таварихы» («Жылнамалар жинағы»). Рашид ад-Дин шығармасының негізіне ресми монғол хроникалары, монғолдар жаулап алған елдердің тарихи шығармалары, оқиғаларға қатысушылардың деректері алынған. Кітаптың екінші томында тайпалардың этникалық құрамы, Қазақстан монғол ұлыстарының құрамына кірген кездегі топонимикасы, тарихи географиясы, саяси тарихы жөніндегі деректер, Орда-Ежен ұлысының тарихы, Жошының басқа да ұрпақтарының генеалогиясы жөніндегі мәліметтер келтірілген.

Хижра бойынша 806 жылы (1403-1404 жж.) жазылған Низам ад-дин Шамидің «Зафар-намесі» хронология жағынан Әмір Темірдің іс-әрекеттері туралы хикаялардың негізін салған алғашқы еңбек болды. Ол өз еңбегінде ресми құжаттарды, Темірдің жеңістері туралы мәлімдемелерді, сол дәуірдегі оқиғаларға қатысушылардың әңгімелерін, Темірдің ұйғыр хатшысы жазған хроникаларды пайдаланған.

Шараф ад-дин Әли Йаздидің «Зафар-намесі» Әмір Темірдің өмірі мен қызметінің мейлінше толық ресми тарихы болып табылады. Йазди бұл еңбегінде Темірдің жаулап алған елдердегі қатігездік әрекеттерін бүкпестен, есесіне сол әрекеттерді мадақтап отырған.

Парсы тіліндегі құнды деректердің бірі Му'ин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» деген еңбегі. Шығарманың парсыша мәтіні 1957жылы Тегеранда басып шығарылған. Бұл еңбекті В.В. Бартольд «Ескендір анонимі» деген атаумен ғылыми айналымға енгізді. Му'ин ад-дин Натанзидің аталған еңбегі 1412-1414 жылдар аралығында Әмір Темірдің немересі Ескендірдің тапсыруымен жазылған. Автордың монғол, ұйғыр деректерін пайдаланғаны оның Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісудың, Шығыс Түркістанның тарихы жөнінде хабарлаған мәліметтерінен байқалады.

1423 жылы Хафиз-и Аbru төрт томдық «Маджма ат-таварих» деген тарихи шығарма жазды. Шығарманың «Зубдат ат-таварих-и Байсункари» деп аталған төртінші томында Ұлықбектің Моғолстан ханы Мұхаммедке қарсы жорығы туралы, сондай-ақ Темір ұрпағы Шахрухтың XVғ. 20-жылдарында Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы арқылы Қытайға жасаған елшілігі туралы мәліметтер бар.

Парсы тілінде жазылған деректердің ішінде Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін аса маңызды дерек – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегі. XIV ғ. аяғы XVI ғ. басында өмір сүрген Моғолстан тарихы туралы жазылған кітапта қазақ хандарының тарихы қысқа да болса, дәйекті баяндалған.

XVI ғ. басындағы ортазиялық зерттеулерде Камал ад-дин Бинаи мен Молла Шадидің парсы тіліндегі шығармалары маңызды орын алады. Камал ад-дин Бинаи Мұхаммед Шайбанидің жастық шағынан бастап, Мауараннахрда Темір ұрпақтары мемлекетінің құлауына дейінгі (1502-1503) өмір жолын баяндаған. Көрнекті тарихшы-шығыстанушылар - П.И.Иванов, А.М. Мирзоев, Р.Г.Мукминова, С.К.Ибрагимов, Б.А.Ахмедов Бинаи еңбегін Қазақстан тарихына қатысты маңызды дерек ретінде қарастырған.

Шайбанилік еңбектердің ішінде Шығыс Дешті Қыпшақта билік еткен көшпелі өзбек ханы Әбілхайырдың тарихына арналған Масуд ибн Осман Кухистанидің «Тарих-и Абулхайр-хани» кітабы маңызды орын алады. 1543-1544 жж. жазылған бұл кітапта Әбілхайыр ханның билігі тұсындағы қазақ жеріндегі Жошы ұрпақтарымен болған соғыстар, Хорезм мен Сырдария өңірін жаулап алуы туралы баяндалған.

Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты парсы тілінде жазылған деректердің басым бөлігі сол уақыттағы билеушілердің тапсырысымен жазылған. Сол заманның әдебиетші, тарихшылары өз еңбектерінде әмірші-билеушілердің атақ-даңқтарын көбірек сипаттап жазған. Дегенмен де, отандық зерттеушілерімізге орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты құнды мәлімет беретін деректер ретінде қолданылады.

А.К. Рахимова

03.02.20.016. Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды басып алуы және оған қазақтардың қарсылығы / Б.Т. Жұбаншынов // Академик Кеңес Нұрпейіс және қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру тарихы: Халықаралық ғыл.-тәж. конф. материалдары (12 наурыз 2020 ж.); Ш.Ш. Уәлиханов атын. тарих және этнология ин-ты; редакция: Н.Р. Аршабеков, Ж.Б. Аширбеков; жауап. ред.: А.М. Сманова, С.Қ. Шілдебай. – Алматы: Қыздар университеті, 2020. – 158-162 б. – Библиогр.: 7 атау.

19 ғасырдың 60-жылдары Ресей империясы Сырдария мен Сібір әскери желістерін тезірек қосып, Қазақстан мен Орталық Азиядағы саяси жағдайды өзінің пайдасына шешуге кірісті. Осындай жоспармен патша әкімшілігі қоқандықтардың ірі бекінісі Әулиеатаны басып алу мақсатында подполковник Лерхе бастаған әскери бөлімді жібереді. Әулиеата маңында бекіністі негізінен Ұлы жүздің қазақтары мен 2000 қоқандық әскер қорғап тұрады. Патша әскерінің бекіністі алу ұрысы сәтсіздікке ұшырайды. Подполковник Лерхе Талас өңіріндегі беделді қазақ пен қырғыз билеушілерін Ресей ықпалына тарту үшін әртүрлі әдіс-айла қолдануға көшіп, би, манаптарға хат жазып, оларға сыйлықтар үлестіреді. Олардан орыс әскеріне қарсы үгіт-насихат жұмыстары туралы құнды мәліметтер алып отырады.

Ресей Ішкі істер министрлігінің Азия департаментіне Ұлыбританияның Қоқан мен Бұқарада орнығып алуға және Шыңжаң мен Орталық Азиядағы сауда рыноктарын Шығыстағы су жолдары арқылы басып алуға әрекет жасап жатқаны туралы құпия ақпарат келіп түседі. Осыдан кейін, 1863 жылы көктемде Орынбор корпусының әскерлеріне Созақты басып алуға, Сібір корпусына Әулиеатаны, Шымкент қаласын тезірек алу бұйырылды.

1864 жылы ақпан айында Әулиеатаға Ташкент парванашасы Нұрмұхаммед келеді. Ол Шу алқабындағы қазақтар мен қырғыз руларын Қоқан жағына тартып, оларды Ресеймен күресте қоқандықтармен бірігуге шақырған. 1864 жылы мамырда 1500 әскермен полковник Веревкин Түркістанға қарай, Верныйдан 22 зеңбірек және 2500 әскермен полковник Черняев Мерке бекінісін ұрыссыз алады. Черняев Әулиеатаны екі күн бойы зеңбіректерден атқылаған оқтардан соң 5 шілде күні Әулиеата патша әскерінің бақылауына өтеді.

Осыдан кейін, 1864 жылы 24 мамырда Веревкин 1200 әскермен Оңтүстік Қазақстанның «есігі» болып табылатын Түркістанға шабуыл жасайды. Бекіністі қорғаған 1300 адамның 350-і сарт болса, қалғандары қазақтар еді. Түркістан үшін болған шайқаста қала бекінісінде 5 зеңбірек болса, орыс әскерінде 16 зеңбірек болған. Түркістан қазақтары қолына қару алып, орыстарға қарсы жаппай көтеріліп, «ғазуат» соғысына шығып, туған жері үшін аянбай соғысады. Өйткені Түркістан қаласы жергілікті халықтар үшін де Ресей империясы үшін де маңызды бекініс болып саналатын. Қаланы қорғаушыларға Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан жасағында Созақ пен Шолаққорғанның қазақтарынан тұратын 120 адаммен көмекке келеді. Сондай-ақ қаланы қорғауға Қарабура шатқалы жақтан Сарымсақ манаптың ұйымдастыруымен 400-ден аса адам көмекке жетсе, Түркістан бегі Мырзадәулет барлық мұсылман жұртын қасиетті қаланы қорғауға жұмылдырады. Орыс әскері мұсылмандардың Меккеден кейінгі екінші қасиетті мекені Қожа Ахмет Иассауи кесенесін зеңбірекпен атқылайды.

Түркістан түбіндегі жеңістен кейін орыс әскері Шымкент қаласын шабуылдауға кіріседі. Шымкентті қорғауда Сұлтансейіт хан мен молда Әлімқұл ерекше жігерлік көрсетіп, барлық уәлаяттарға ислам туы астында күш біріктіру талап етіп, қазақ пен қырғыз билеушілеріне үндеу жібереді. 1864 жылы 7 шілде күні Шымкентті шабуылдаған Черняевтің әскері сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, оған көмекке полковник Веревкин 400 адам, 3 зеңбірек, 2 ракеталық станогі бар, капитан Мейер бастаған әскерді көмекке аттандырады. Мейердің әскерін Шымкентке жақын Ақбұлақ деген мекенде 13 шілде күні қала қорғаушы мұсылмандар күтіп алады. Ақбұлақ түбіндегі шайқас 14 шілдеде таңертең басталып, екі күнге созылады. Шайқаста қазақтарды Мыңбай, өзбектерді Мырзахмет басқарса, бүкіл қоқан әскеріне Әлімқұл қолбасшылық жасайды. Осы шайқаста орыс әскері жеңіліске ұшырайды. Қыркүйек айының 20-ы күні Черняев Шымкентке қайта шабуыл жасап, қаланы зеңбірекпен атқылап, басып кіреді. Бұдан кейін, 1865 жылдың мамырында үш күндік шайқастан кейін орыстар Ташкент қаласын алып, Оңтүстік Қазақстан Ресей империясының иелігіне кіреді. Шымкент пен Ташкенттің басып алынуы Қазақстан мен Орталық Азиядағы саяси жағдайды түп тамырымен өзгертіп, Ресей империясының пайдасына шешеді.

А.К. Рахимова

03.02.20.017. ... «Сарайшықтың кремлі» мәселесі: аңыз бен ақиқат / Ж. Жұмабаева // Профессор Хизмет Бозанұлы Табылдиевтың ғылыми мұрасы және тарихи өлкетанудың негіздері = Научное наследие профессора Табылдиева Хизмета Бозановича и основы исторического краеведения = Scientific heritage of professor Khismet B. Tabyldiev and basics of local history : Халықар. ғыл.- практ. конф. материалдар жинағы (25-26 қантар 2019 ж.) / Х. Досмұхамедов атын. Атырау мемл. ун-ті, ред. басқ. Г. Қайргалиева. – Атырау, 2019. – 334 б.

Ортағасырлық Сарайшық қаласы қирандысының орны ғасырлардан қалған баға жетпес қазына, елдік дәстүрлері бастау алған қасиетті жер. Алтын Орда хандарының ертедегі шаһарлардың бірі, Ноғай Ордасының бас қаласы, ноғайлы дәуірінен соң Қазақ хандығының астанасы - Сарайшықты қайта жандануын, бабалардың ізі қалған осы топырақты ұрпақ санасын толғандырады.

Ол қазақ халқының ата жұртының ұрпағына қалдырған естелігі, адамзат әлемінің өзара байланыстылығының, ықпалдастығының куәсі. Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, дүниенің шартарабын, батыс пен шығысты, солтүстік пен Алдыңғы Азиядағы Таяу Шығыс елдерін жалғастырған алтын көпір – Сарайшық тарихы жазба деректерде ғана сақталып қалды. Сонау XIV ғ., араб Ибн Баттутадан бастап әлем саяхатшыларының көзайымы болып, сән-салтанаты асқан, өркениеттің өзегі, Ұлы Жібек керуендік сауда жолының тірегі болған әлем шаһары бүгінде үйінді болып, әлі де талай құпияны бүгіп отыр.

Сарайшық тарихын әлі де тереңірек зерттелу қажеттігі айтылды. Сарайшық туралы талай зерттеулер жүргізілуде. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, көне қала Сарайшық туралы түп деректер енгізіліп, оларға комментарийлер берілген деректер жинағы да оқырманға ұсынылды.

Мақалаға арқау болған «Сарайшық» Кремлі туралы XX ғ. басындағы Сарайшық құландыларына сипаттама берген орыс деректері талданады. Осы орайда жоғарыдағы деректер жинағына кірген, Сарайшық туралы аңыздардың бірі – «Сарайшық Кремлі» туралы мәселеге Сарайшықтың қағазда хатталып қалған деректерді негізге алып зерделенді.

Ескі Сарайшық орны шығысынан Жайық өзенімен, батысында – Жайықтың саласы – Сорочинкамен шектеліп, оңтүстігінде және солтүстігінде қабырғалармен қоршаған. Бұл екі қабырға шығыстан, Жайық жағалауынан басталып, батысқа қарай бағытталып, Сорочинкаға тіркеледі. Тік төрт бұрыш қамал – қаланың әрбір қабырғасы бір шақырымдай, жан-жағынан нықтап қорғалған. Мұның өзі Сарайшық қорғанысының стратегиялық тиімді ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Орыстың қала сәулеті өнерінде «Кремль» - қала орталығындағы қамал мағынасында тек Москва қаласына ғана тән құбылыс деген болжамды ұсынған. Осы Кремльдің сакральдық кеңістік ретіндегі мәні де Сарайшық қаласына өте ұқсас.

Сарайшықтың діни-рухани орталық болғандығы және сакральдық мәні Алтын Орда хандары мен кейінгі Қазақ хандары жерленген хан зиратының Сарайшықта екендігі барша жұртқа мәлім. Ендеше Москва-Алтын Орданың мұрагерлері деген орыс тарихшыларының тұжырымының Көне Сарайшыққа да қатысы бар. Сарайшық Ұлы дала мемлекеттілігі сабақтастығының символы болып қала береді.

Б.У. Кулиева

03.02.20.018. **Тұлғалар тарихы толғандырған (академик Кеңес Нұрпейісұлының шығармашылығы туралы ойлар)** / Т. Омарбеков // Академик Кеңес Нұрпейіс және қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру тарихы: Халықаралық ғыл.- тәж. конф. материалдары (12 наурыз 2020 ж.); Ш.Ш. Уәлиханов атын. Тарих және этнология ин-ты; редаққа: Н.Р. Аршабеков, Ж.Б. Аширбеков; жауап. ред.: А.М. Сманова, С.Қ. Шілдебай. – Алматы: Қыздар университеті, 2020. – 5-8 б.

Саналы және ғылыми шығармашылық өмірінің негізгі бөлігі кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында өткеніне қарамастан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ, тарихымызды жаңа ұлттық ойлау арнасына бұруға белсенді атсалысып, қысқа мерзімде қазақ тарихнамасында татымды да іргелі еңбектер қалдырып үлгерген аға ұрпақ өкілдері туралы көп айтылмайды.

Тарихтың да, оны жазатын тарихшылардың да міндеттері күрделі. Қоғамдағы дүрбелеңдер мен зобаландардың ұлы бетбұрыстардың, адырлы асулардың тарих көшіне көлеңкесін түсіруі, ызғар шашуы, немесе оны нұрландырып, қуаттандырып, айқын да аялы болашаққа бағыттауы – қоғам заңдылығы. Сондықтан да болар, қоғамдық өзгеріске байланысты біздің жазба тарихымыздың бояулары сан-алуан түрге еніп, өзгеріп, түлеп, құбыла түрленіп жатады.

Бағалы еңбектер берген және қазіргі тарихымызды ақиқаттың көзімен қайта қарап, оны шынайы жазу тәрізді игі істерге мұрындық болып, кейінгі талантты тарихшылар ұрпағына күрделі тарих соқпағында жол ашып, жылы лебізбен де, ерен еңбегімен де тәуелсіз Қазақстан құрметіне бөленген аға толқын көзден кетсе де, көңілде. Осындай қадірменді ғалымдардың бірі республика мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Мәскеудің қытымыр саяси қадағалауына іліккен заманның өзінде жалындаған 37 жасында тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алған академик Кеңес Нұрпейісұлы болатын.

Халыққа қызмет жасаса да, халық жауы атанған Алашорданы алғашқы ақтаушылардың ақсақалы болған көрнекті ғылым қайраткерінің негізгі еңбек жолы екі ғана беделді оқу-ғылыми мекемелері төңірегінде өрбіген екен. Оның алғашқысы - өзі тарихпен ауызданып білім алған, қазақ жоғары оқу орындарының көш бастаушысы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті болса, екіншісі - өзі қабырғасында өмір бойы жемісті еңбектенген Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты.

Ғылым академиясының Тарих институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасқан Кеңес Нұрпейісұлы біртіндеп, ұзақ жылдар бойы кәнігі ғалымдар бастан кешкен барлық ғылыми толысу кезеңдерінен өтті. Ұлттық тарих ғылымының шын мәніндегі орталығы болып табылатын осынау мекемеде Кеңес Нұрпейісұлы ұлт тарихы үшін маңызды да ауқымды шаруаларды тындырды. Оны ол жарыққа шығарған кітаптар, монографиялар тізімінен айқын аңғаруға болар еді. «Қазақстан кеңестері жұмысшылар мен шаруалар өкіметін нығайту үшін күресте» (1968 ж.), «Қазақстанның шаруалар кеңестері: ұжымдасу, нығайту тарихы және ауылдық Кеңестердің 1917-1929 ж.ж. практикалық қызметі» (1972 ж.), «Қазақстан - республика менің», «Қазақ кеңестік мемлекеттілігінің құрылуы» (1980 ж.), «Қазақстан кеңестерінің қалыптасуы» (1987 ж.), «История крестьянства Казахстана», «Алаш һәм Алашорда» және т.б. іргелі ғылыми зерттеулер осының куәсі.

Кеңес Нұрпейісұлының қоғамдық жұмысы да оның ғылыми жұмысымен тығыз байланысты болды. Ол республикалық «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы Алматы бөлімшесінің төрағасы болып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға белсенді атсалысты. Кеңес Нұрпейісұлының ғылыми бағдары 1916 жылғы көтеріліс, 1917 жылдағы қос төңкеріс, азаматтық қарсы тұру, қазақ мемлекеттілігінің құрылуы және өркендеуі, Қазақстан шаруаларының және шаруалар ұйымдарының тарихы, Алаш қозғалысы және Алашорда тәрізді күрделі ғылыми мәселелерді қамтыды. XX ғасырдың көрнекті тарихи тұлғаларының қызметін зерттеуге байланысты жұмыстары да ауқымды болды.

Соңғы жылдары ол XX ғасырдағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірін зерттеуде белсенділік көрсетті. А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, С.Сәдуақасов және т.б. Алаш ардақтылары туралы шынайы еңбектерді өзінің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында аяқтаған «Алаш һәм Алашорда» атты монографиялық зерттеуі осының нәтижесі.

Бұл еңбек тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Алаш қозғалысына жаңа көзқарас қалыптастыруда шешуші ықпал жасады. 1995 жылы жарыққа шыққан осы монографиялық зерттеудің баспадан жарық көрген таралымы 5000 данаға жетіп, көпшілікке кең таралып, осы

маңызды мәселеге байланысты тарихшылардың жаңа ұстанымын елге танытты. Тарихымыздың тылсым иірімінен шұғылалы сәулесін шашқан «Алаш туралы сөз» атты деректі фильм К.Нұрпейісұлының ғылыми кеңесші ретінде жаңа қырын танытып, оның алаштану білгірі ретіндегі ғылыми келбетін айқындаған еді.

Қайраткер ғалымның көкейінде көптеген армандар, болашаққа арналған ауқымды ғылыми жоспарлар бар еді. Оларды жүзеге асыруда қарымды зерттеушілер академиктер М.Қойгелдиев, Д. Қамзабекұлы, жазушы-ғалым Т. Жұртбай және т.б. іргелі жұмыстар бітірді. Ғалымның соңғы сұхбаты басқа да татымды еңбектерімен бірге оның соңғы, қайтыс болған соң жарық көрген «Тарихи тұлғалар» атты көлемді ғылыми жинағына енді. Бұл еңбектің де оқырман қауымға берері көп-ақ.

А.Б. Мамбаева

### 03.41 АРХЕОЛОГИЯ

ӘОЖ 902

03.41.02.20.019. **Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Әулиеата уезінде атқарған зерттеулері** / М. Бақтыбай // Қаз ҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы.– 2020. – №2.– 212-224 б.

1895 жылғы 11 желтоқсанда Ташкент қаласында құрылған Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі - археология саласындағы жергілікті қоғамдық өлкетану ұйымы болып табылды. Үйірме жиырма жылдан астам уақыт Орталық Азияның материалдық мәдениет, тарихи-мәдени мұра нысандарында ізденіс жұмыстарын жүргізіп, оның ішінде археологиялық ескерткіштерінің зерттелуіне сүбелі үлес қосқан. Мақалада В.А.Каллаур, И.В.Аничков, Ә.Диваев, В.П.Панков, т.б. үйірме мүшелері Әулиеата уезінде атқарған ізденіс жұмыстары қарастырылады.

В.А.Каллаурдың Әулиеата уезінде орналасқан ескерткіштер жайлы алғашқы баяндамасы 1896 жылдың 30 қаңтарында үйірме атына жіберілген хатында кездеседі. И.В.Аничков пен В.А.Каллаурдың баяндамалары 1896 жылдың көктемінде ауылының жанында орналасқан Ақтөбе қалашығын (қазіргі Қырғыз Республикасы Талас облысының орталығы Талас қаласы) зерттеп, оның сипаттамасы туралы деректер береді. В.А.Каллаур 1896 жылдың басында Бесағаш ауылынан әкелінген ою-өрнегі бар тас бағана сынығын көріп және И.В. Аничков соған ұқсас бағананы Сайрамдағы Ідріс мешітінде көргенін негізге алып, Қарай жазығы мен Бесағаш ауылына дейінгі аралықта орналасқан ескерткіштерді толығымен көруге іссапарға шықты. Олар тас бағананың табылған орнын көріп, бұлақтардың солтүстік бөлігінде орналасқан құрылыстың жобасын жасады.

И.В.Аничков 1896 жылдың 11 желтоқсанында өткен үйірме отырысында Александровск тауалды жазығына 1896 жылдың тамыз айында жасаған іссапар нәтежелерін баяндады. И.В.Аничков 1896 жылдың 10-11 тамыз күндері балбал тастарды іздестіру және зерттеу мақсатында Александровск тау алды жазығындағы Талдыбұлақ деп аталатын жерде болып, екі балбал тасты тапты. И.В.Аничков Талдыбұлақтан табылған екі балбалды және Бақтекеннен табылған үш балбалды Ташкент қаласына жіберді. Оның бірі үйірме отырысында көрсетілді. Осы үйірме отырысында В.А.Каллаурдың орхон жазуы бар тас туралы баяндамасы тыңдалды. Үйірме мүшелері оны сақтау үшін тез арада Әулиеатаға жеткізу, сонымен қатар тастағы жазу көшірмесін Петербург қаласындағы Археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің басшысы В.Р. Розенге сипатын анықтау және аудару үшін жіберу туралы шешім қабылдады. В.А.Каллаур ашқан көне жазу ескерткішінің үйірме үшін маңызы зор болды. Ол жазуы бар тастың шығысында жобасы төртбұрышты болып келген, топырақтан үйілген жалдың орналасқанын жазып, оның айналдыра ұзындығы 1400 қадамға жуық екенін, қалашықтың шығысында цитатель немесе құрылыс құландысының орналасқанын жазды. Сонан соң Құлынсай шатқалында орналасқан жазуды зерттеп, он сегіз қатардан тұратын бұл жазу араб әліппесімен жазылған деп жансақ пікір айтты. Жергілікті тұрғындар бұл тасты «Шиим-тас»

деп атайды. В.А. Каллаур «Шиим-тас» жазуы туралы аудармашы Бекчуровтан 1896 жылдың көктемінде естіген болатын.

1896 жылдың 15 қараша күні үйірме мүшесі В.П.Панков Ботамойнақ шатқалында болып, жергілікті тұрғын Чаджарлы Базарбаев көрсеткен үңгірді зерттеп, оның жобасын түсірді.

Үйірменің 1897 жылғы 16 қазанда өткен отырысында үйірме мүшесі В.Ф. Ошанин 1896 жылдың шілдесінде Әулиеата уезіндегі Бийлікөл көлінің маңында орналасқан обаларда болғанын баяндады.

В.А. Мустафин өзінің «Каменные бабы» атты мақаласында И.В. Аничков, В.А. Каллаур, В.В. Бартольд, т.б. Жетісу мен Түркістан өңірлерінен тапқан балбал тастарды сипаттап жазып, балбалдардың суреттерін берді.

В.П.Лаврентьев «Краткий перечень бугров, находящихся в черте г. Аулие-ата» атты мақаласында 40-тан астам төбе мен обалар туралы қысқаша сипаттама беріп, Әулиеата қаласы мен оның төңірегінде орналасқан ескерткіштерді картаға түсірді. В.П. Лаврентьевтің жоғарыда аталған обалар мен төбелер туралы баяндамасы 1900 жылы 27 наурызда өткен үйірме отырысында тыңдалды. 1903 жылдың 22 қыркүйегінде өткен Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырысында В.А. Каллаурдың «К истории города Аулиеата» атты баяндамасы тыңдалды. Онда ол қазіргі Әулиеата қаласының жақында пайда болғанын алға тартып, осы өңірдің Қоқандықтар кезеңіне және қаланың қалыптасу тарихына тоқталды. В.А. Каллаур жергілікті тұрғындардан жинаған деректерге сүйене отырып, Әулиеата уезінде алғашқы болып Жаңақорған, 1826 ж. немесе 1827 ж. Әулиеата бекінісі салынған деп пайымдайды. Әулиеата бекінісінің жанында 1837 жылы «Наманган көше» атты елді мекен қалыптасып, 1856 жылы онда базар пайда болды. Сөйтіп, қазіргі Әулиеата қаласы қалыптасты деп жазады.

Үйірменің негізгі мақсаты Әулиеата уезінде зерттеу жұмыстарын жүргізу және оларды жүйелі түрде атқару арқылы барлық археологиялық мұраларын анықтау болып табылды. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Әулиеата уезінде атқарған зерттеулері ауқымды әрі жемісті болды. Әулиеата уезінде атқарған зерттеулер барысында 139 ескерткіш ашылып, орналасқан жері жайлы мәлімет келтіріліп, басым бөлігінің сипаттамасы берілген 5 ескерткіш қайта зерттелді.

Үйірме мүшелері ашқан 53 қаланың 24-нің сипаттамасы мен өлшемдерін беріп, 29-ның орналасқан жері жайлы хабарлады. Олардың 15-ші қазіргі кезде Қырғызстан Республикасының Талас облысына қарасты жерге орналасқан.

Қ. Қасымбекова

### 03.61 ЭТНОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

ӘОЖ 39; 572.9.

03.61.02.20.020. **Алыстағы асылдар (Науаи, Бұқара, Ташкент уәлаяттарындағы қазақтың киелі жерлерін зерттеу экспедиция материалдары) / А.У. Тоқтабай // Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі = Вопросы этноархеологических исследований и межэтнических отношений великой степи : Ғалым-этнограф Б.К. Қалшабаеваның 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғыл.-әдістемелік конф. материалдары (4 маусым 2020 ж.). – Алматы, 2020. – 74-80 б.**

Еңбекте Науаи, Бұқара, Ташкент уәлаяттарындағы қазақтың киелі жерлерін зерттеу экспедиция материалдары бойынша мәліметтер келтірілген.

Науаи уәлаятының ежелден қазақтар көп тұрған Кенимех, Тамды, Үшқұдық аудандарында, сондай-ақ Бұхара облысының Ғыждуан ауданындағы бірнеше объектілер зерттелген. Екі уәлаяттағы жұмыс біткен соң, Ташкент қаласының Жоғарғы Шыршық және Бостандық ауданындағы бес киелі жер зерттеу нысанына алынды.

Экспедицияның жұмысы нәтижесінде 26 нысан тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан зерттеліп, есепке алынды. Олардың ішінде Әйтеке би кесенесі мен Аблайдың ақбас атаны, Аңғара би, Жұбан батыр мазары тарих энциклопедиясына кіргізілді.

Төртқара. Қазақ шежіресі бойынша Қарамашақтан (төртқара) – Жансүгір, Қараш, Ораз, Оразкелді деген балалар өрбіген. Соның ішінде – Аппақ, Тоқпан. Тоқпаннан – Тоғамыс, Сейтқұл, Шобан. Сейтқұлдан – Ақша, одан Байбек, одан Әйтеке би (шешен, Әз Тәукенің жиені).

Әйтеке би кесенесі. Әйтеке бидің денесі Жалаңтөс батырдың әкесі – Сейтқұл әулиенің мазарының ішіне қойылған. Сейтқұл әулие сағанасының төбесі ашық, төртбұрышты қабырғаларының ұзындығы – 4 м. солтүстіктен шығарылған кірер есігі доғаша иілген ойық. Алдыңғы фасады басқа қабырғаларына қарағанда біршама биіктеу, шығыс жағындағы қуыс (ниша) орны балшықпен бекітіліп тасталған. Информаторлардың айтуы бойынша Әйтекені жерлеген кезде бұл қуыс арнайы бекітілген.

Қылыш ата мазары. Қылыш ата мазары Кенимех ауданының Соркөл махалласында орналасқан. Мазар 1825 ж. Төғызтөбе аймағының бегі Құлшы Артықұлына (1763-1825) арнап салынған.

Үшқұдықтағы киелі жерлер. Үшқұдықтан 7 км. солтүстікке қарай Бедер ата, одан көп алыс емес Қошқар ата осылардың қатарында Ерлер ата атты киелі жерлері бар.

Мәлік Аждар қабірі. Мәлік Аждар (екінші аты Азаннұр ата, парсыша Мың нұр деген сөз) қабірі Бұқара облысы Ғыждуван ауданының Аяққағытпа ауылынан батысқа 12 км. төбенің басында орналасқан. Бұл әулие қабірінің қасына Кенимехте туып, Бұхарада білім алған Жамал қожа жерленген. Ел арасында Мәлік Аждар дастанының бәрін болмаса да үзіндісін айтушылар бар.

Ерекше айтатын нәрсе – Абылайдың ұлы Әділ сұлтанның Ташкент түбінде өлтірілген жері бар көрінеді, бірақ ол әзірше табылмады. Әділ сұлтан – Ұлы жүз қазақтарының басшысы, 1815 жылы Ташкенттегі Қоқан ханының шақыруымен сол жаққа барған. Қысқасы, арнайы шақыртылып алынып, опасыздықпен өлтірілген.

Бұл аймақтарға күз айында тағы да бір экспедиция жасақтау жоспарда бар, себебі Кенесары мен Наурызбайдың құдықтарын іздеп тауып, Әділ сұлтанның есіміне байланысты жерді нақтылау, тағы да он шақты киелі нысандарды зерттеу қажеттілігі туып отыр.

Г. Сәрсенбаева

ӨОЖ 39;572.9.

03.61.02.20.021. «Лувсан Данзанның «Алтын тобчи» еңбегінің қазақ ру-тайпаларының этникалық тарихын зерттеудегі деректік маңызы» / Е.М. Тұрғынбаев // Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі = Вопросы этноархеологических исследований и межэтнических отношений великой степи : Ғалым-этнограф Б.К. Қалшабаеваның 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғыл.-әдістемелік конф. материалдары (4 маусым 2020 ж.). – Алматы, 2020.– 182-185 б.

XVI ғасырдың соңы – XVII ғасырдың басы моңғол тарихында ламаистік мазмұндағы буддизмнің кеңінен тарау және түпкілікті орнығу кезеңі болып табылады. XVII ғасырда құрастырылған жылнамалардың ішіндегі мазмұны жағынан өте қызықты да маңыздысы Лувсан Данзанның «Алтын тобчи» жылнамасы болып табылады. «Алтын тобчи» немесе қазақша «Алтын шежіре» ортағасырлық моңғолдардың ірі тарихи хроникасы және әдеби ескерткіші болып табылады. «Алтын тобчи» – толық атауы «Көне билеушілер негізін қалаған мемлекеттік биліктің қысқаша тарихының алтын түйіні» - тізімін 1926 жылы шығыс Халхада көне қолжазбалардың тамаша білгірі, Моңғол Халық Республикасы Ғылым комитетінің тұңғыш төрағасы Джамьян-гун деген адамның қолынан тауып алып, МХР Ғылым комитетінің қолжазбалар қорына тапсырған. «Құпия шежіренің» тексті бізге қытай иероглифтерінің фонетикалық жазбасы негізінде жеткені белгілі. «Құпия шежірені» терең де тыңғылықты зерттеу нәтижесінде көптеген ғалымдар бұл фонетикалық жазбаның дереккөзі моңғол тексті ұйғыр-моңғол шрифтісінің негізінде жазылғанына болжам жасайды.

Бұл аударма толық түсіндірмелермен қатар, жылнаманы сипаттау, оның басылымдары, жылнама авторы туралы қысқаша мағлұмат, жазылу уақытына байланысты пікірлерді қамтыған кең түрдегі кіріспеден тұрды. Жылнаманың дерек ретінде «тек моңғол жылнамалары тарихын зерттеу ісінде ғана емес, сонымен қатар, моңғолдардың ортағасырлық қоғамын және моңғол мәдениеті тарихын» зерттеу ісінде алатын маңыздылығы атап



көрсетілді. 1998 жылы «Өнер» баспасында А.Марқарұлы «Алтын шежіре» деген атауымен Лувсан Данзанның «Алтын тобчи» еңбегін моңғол тілінен қазақшаға аударып, басып шығарды. Лувсан Данзанның «Алтын тобчи» көне жазба мұрасының тек моңғол халқы ғана емес, сонымен қатар түркітілдес, оның ішінде қазақ халқының этникалық тарихының, рухани мәдениетінің тарихын зерттеуде алатын орны ерекше.

Г.С. Енсебаева

## 05 ДЕМОГРАФИЯ

ӘОЖ 314

05.02.20.022. **Оңтүстік Қазақстан аймағы тұрғындарының демографиялық көрсеткіштері** (1999 – 2014 жж. мәліметтері негізінде) / А.Ж. Султаниярова // Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі = Вопросы этноархеологических исследований и межэтнических отношений великой степи : Фалым-этнограф Б.К. Қалшабаеваның 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғыл.-әдістемелік конф. материалдары (4 маусым 2020 ж.). – Алматы, 2020. – 256-261 б.

Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) территориясы бойынша жері аз болғанымен, республиканың 14 облысының ішінде тұрғындары ең тығыз орналасқан облыс болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан облысы халқы ұдайы өсіп, көбейіп келеді. 1989 жылы Бүкілодақтық санақ бойынша 1823,5 мың адам болса, республикамыздың тәуелсіздік алғаннан бері (1999 жылғы санақ бойынша) 1978,3 мың адамды, 2009 жылғы санақ бойынша 2469,3 мың адамды құраған. Ал 1991 жылдан 2014 жылдар аралығындағы халық санының көрсеткіші бойынша: 1991 жылы 1879,0 мың, 1992 жылы 1889,0 мың адамды құрап, 0,5%-ға өсті, 1993 жылы 1912,7 мың адамды құрап 1,2%-ға көбейді. 1994 жылы 1932,7 мың адамды құрап, 1%-ға өскен, 1995 жылы 1940,7 мың адамды құрап, 0,4%-ға өсті. 1996 жылы 1953,0 мың адамды құрап, 0,6%-ға артты. 1997 жылы 1969,0 мың адамды құрап, 0,8%-ға өскен. 1998 жылы 1966,4 мың адамды құрап, 0,1 %-ға кеміген. 1999 жылы 1973,7 мың адамды құрады да, 0,3 %-ға көбейді.

1999-2009 жылдарда жүргізілген санақ бойынша облыс халқының саны 5,8 %-ға көбейген. Ал 2010 жылы 2511,6 мың, 2011 жылы 2567,6 мың халық болды, яғни, алдыңғы жылға қарағанда 2,2 %-ға көп, 2012 жылы 2621,5 мың адамды құрап, 2,0 %-ға, 2013 жылы 2678,9 мың адамды құрап, 2,1 %-ға, 2014 жылғы мәліметтер бойынша 2733,2 мың адамға жетіп отыр, алдыңғы жылға қарағанда, 2,0%-ға өскен. 2015 жылғы 1 шілдедегі мәліметтер бойынша, облыстағы халықтың саны 2803,5 мың адамды құрады.

Аталмыш мәліметтердің негізінде 2010 жылы 2014 жылға дейін 221,6 мың адамға немесе 7,6 %-ға көбейгенін көреміз.

